



ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ:

Болашақ әлем бейнесі
қандай болады?

2



ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘРІ МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

4



ҚАЗАҚ АФОРИЗМІНІҢ АТАСЫ

9

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №119 (6412) 7 қазан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

табысқа жетудің ең басты кілті



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ПЕДАГОГТЕР СЪЕЗІ



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Астанада өткен республикалық педагогтар съезіне қатысып, жиынға қатысушыларды Ұстаздар күнімен құттықтады. Еліміздің болашағы жарқын, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүргенін атап өтті. «Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі», – деді Мемлекет басшысы.

6-7

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

стратегиялық маңызды бағдар

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қонаев қаласында агломерацияның Жергілікті кеңесінің жиынын өткізді.



Талқылаудың негізгі күн тәртібі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру аясында әзірленген Алматы агломерациясын 2029 жылға дейін дамытудың Кешенді жоспарының жобасы.

«Кешенді даму жоспары өңірдегі

тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымының дамуын үндестіруі және теңестіруі тиіс. Біз үшін агломерация тұрғындарының көлікке қолжетімділігі маңызды, сонда ғана олар қалаға еркін жете алады. Демек, көлікті дамыту ҰААЖ-на дейінгі және

одан кейінгі барлық аумақты қамтуды ескере отырып жүргізілуі керек. Сондай-ақ, жоспарларда тартылыс нүктелері болуы тиіс. Бұл – жұмыс орындарын құру, өмір сүруге лайықты жағдай жасау және т.б.», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.10.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

8.10.2023

Түнде:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты, таңертең жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

«ҰЖЫМДЫҚ ҚОРҒАНЫС»

немесе Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы – NATO біз ойлағандай қауіпті ме?

Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы 1949 жылы 4 сәуірде құрылған. Бәрімізге NATO деген атаумен таныс. NATO дегенде Кеңес Үкіметінің идеологиясы айтып келген жалған пікірлер ойға келеді. Жалған пікірлер, яғни стереотиптердің астарында қорқыныш пен үрей жатыр. Капиталистік елдердің өктемдігі, өзге әлемге, оның ішінде коммунистік елдерге төнетін қауіп осындай стереотиптерге жатады. Стереотипті ойлау түрлі конфликтілерге жетелейтін бірден-бір себеп. Сондықтан оларды уақытында сейілтпін отыру қажет.

ЕКІ ДЕРЖАВА,
ЕКІ ИДЕОЛОГИЯ

Конфликтолог ғалымдар дау-жанжалдардың туындауына «қауіп» себепші болады дейді. Яғни оған қатысушылардың бірі өзгеден қауіпті сезген кезде жанжалға түседі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемде қалыптасқан екіполюсті жүйені зерттегенде осыны ескеру қажет.

Соғыстан соң әлем екіге бөлінді. Бірі АҚШ бастаған капиталистік елдер болса, екінші тарап КСРО бастаған социалистік елдер. Екі блок ашық әскери жанжалға түспеген. Мұндай жағдайды «суық соғыс», «қырғиқабақ соғыс» деп те атайды. Соғыс әрекеттері идеологиялық, ақпараттық үгіт-насихат арқылы жүрді. Сол кезде NATO қауіпті ұйым деген стереотип қалыптасты. Бұл пікір бойынша ол социалистік елдерге қарсы құрылған ұйым дейді. Алайда, NATO-ның мақсаты – ұйым мүшелерінің еркіндігі мен қауіпсіздігін саяси және әскери жолмен қамтамасыз ету. Бұл ресми құжаттарда бекітілген.

Посткеңестік кеңістікте мұндай көзқарас әлі күнге дейін кең тараған. Шындығында, КСРО бастама көтерген Варшава шарты ұйымы 1955 жылы өмірге келді. Яғни NATO-дан кейін құрылған. Демек, керісінше бұл NATO-ның құрылуына жауап болды. Wikipedia анықтамасы да ұйымды қауіп ретінде есептейтін пікірмен жазылған. Онда ұйым ке-

https://www.nato.int/cps/en/natohq/topics_49178.htm

ңестік экспансиядан қорғану үшін құрылған дейді.

Сөзсіз NATO-ның әскери-саяси ұйым екені рас. Алайда, әскери және саяси механизмдер мақсатқа жету құралы ғана. Яғни әлемге әскери-саяси сес көрсету олардың басты мақсаты емес. Керісінше, басты мақсаты ұйым мүшелерінің еркін әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз ету.

ҰЙЫМ ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕ МЕ?

Біз күнделікті өмірде NATO ұлғайып келеді деген сөзді жиі естіміз, ақпарат көздерінен көреміз және оқимыз. Алайда, мұқият сараптайтын болсақ, мұның да стереотип екеніне көзіміз жетеді.

Шынында да, мүшелерінің саны жағынан ұйым ұлғайып келеді. 1949 жылы алғаш құрылған кезде 12 мемлекет болған. Оларға АҚШ, Франция, Бірлескен Корольдік (Ұлыбритания), Бельгия, Дания, Исландия, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Португалия жатады. Бертін келе жаңа мүшелер қосылды. 1952 жылы Түркия мен Греция, 1955 жылы Германия, 1982 жылы Испания мүше атанды.

1999 және 2004 жылдары мүшелер саны кеңесті. Алғашқы жылы Венгрия, Польша, Чехия ұйым құрамына енсе, кейін Болгария, Латвия, Литва, Румыния, Словакия, Словения, Эстония мемлекеттері толыққанды мүше болды. Албания мен Хорватия 2009-да, Черногория 2017-де, Солтүстік Македония 2020-да, ал Финляндия биыл мүше атанды.

Осылайша бүгінде ұйымның 31 мүшесі бар. Швецияның да ұйымға қосылу үрдісі басталды. Ұйым мүшелері артып, толысып келеді. Алайда, бұл қауіп емес. Оған бірнеше себеп бар.

Біріншіден, ресми құжаттарда NATO келісімінің қағидаларын мойындайтын кез келген еуропалық мемлекетке ашық делінген. Сондықтан құқықтық тұрғыдан дәл қазір ұйымның әлемге тарауы екіталай. Осы күнге дейін Еуропалық елдердің үлесінен кеңейді.

Екіншіден, «ұжымдық қорғаныс» қағида-сы ұйымға кірмейтін мемлекеттерге сес көрсету үшін емес, қорғану мақсатында қабылданған. Бұл қағида бойынша ұйымның бір мүшесіне жасалған шабуыл тұтас ұйымға қарсы жасалған шабуыл деп қабылданады. NATO-ның ұзақ жылғы тарихында бұл қағи-

да бір рет ғана қолданылған. Ол да болса 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-да жасалған террористік шабуылдан кейін.

Үшіншіден, кеңею ұйымның мақсаты емес. Жалпы әскери-саяси ұйым құрылғаннан бері үш кезеңді басынан өткерді. Ол «суық соғыс» (1949–1991 ж.ж.), Еуропаның қосылуы (1991–2001 ж.ж.), Халықаралық терроризм кезеңі (2001 ж. 11 қыркүйегінен соң). Сарапшылар 2022 жылдан бастап төртінші кезең басталды деген пікірде. Себебі, 5 маусымда Мадридтегі кездесуде Стратегиялық Концепция қабылданды. Онда «360 градус» тәсілі қабылданды. Оның үш міндеті бар: тежеу және қорғаныс, дағдарыстардың алдын алу және реттеу; ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік. Сонымен қатар, құжатта ұйымның қорғанушы болып қала беретіні жазылған.

КІМ БАСШЫ, КІМ ҚОСШЫ?

Жалпы қатып қалған қоғамдық ойда NATO ұйымында АҚШ басшы да, қалған мемлекеттер соның етегінде жүреді деген көзқарас қалыптасқан. Бұл стереотип та посткеңестік кеңістік елдеріне тән жаңсақ пікір. Шындығында, бұл ұйымды құруға еуропалық елдер бастама көтерген. 1948 жылы «Брюссель пакті» қабылданды. Оған Бельгия, Біріккен Корольдік, Люксембург, Нидерланды және Франция бастамашыл болды.

Екіншіден, келісім-шарттың басты қағидасы шешім қабылдаудағы консенсус. Яғни барлық мүше елдерге тиімді болмайынша шешім қабылданбайды. Бұл қағида ұйымның барлық құрылымдарында қолданылады. Әр мүше мемлекеттің өз құқығы қорғалады. Бұл қағида саяси ықпал мен қаржыландыру деңгейіне тәуелді емес.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ: Болашақ әлем бейнесі қандай болады?

Әлем поляризация үдерісін бастан кешіп отыр. Көп жағдайда біз әлемнің саяси поляризациясына (саяси үйкелену) көбірек көз жүгіртеміз. Ал тұрасында бұл үрдіс құндылықтар арасындағы бөліністен келіп шыққандай. «Бұның соны немен аяқталады?» деген сұрақ «Болашақ әлемнің бет-бейнесі қандай болады?» дегенмен бірдей. Олай дейтініміз, ұзақ уақыттан бері орныққан құндылықтар арасында үлкен талас-тартыс ашыққа шықты. Нақтырақ айтқанда, либерал демократия құндылығына қатысты күмәндар мен сұрақтар қайта көтерілді. Бұны либерал демократия діни, дәстүрлі және нәсілдік құндылықтарға қатысты қатаң сынақтарға тап болды десек, түсінікті болар.

АДАМЗАТ ДЕМОКРАТИЯНЫ
ҚАЙТА ТАРАЗЫЛАП
ЖАТЫР...

Өткен ғасырда әлем социалистік және капиталистік екі лагерьдің бәсекесін өткерген болса, бүгін демократия мен авторитарлы әлем арасындағы тартыстың сахнасын көріп тұрмыз. Кейбір сарапшылар бұны жоққа шығарғысы келеді, алайда болып жатқан барлық геосаяси тартыстың түбі осы мәселеге саяды. Жасырағы жоқ, формасы ұқсамағанымен бұл құндылықтар шайқасы біздің қоғамда да болып жатыр. Біз әлемнен оқшау қоғам емеспіз, әрі ауқымды үрдістің ішіндеміз. Оның үстіне, Қазақстан өзінің даму тарихындағы жаңа бір кезеңге аяқ басып, жаңа бағдарын айқындап жатқан мемлекет. Сондықтан әлемдегі күрделі процеске көз салып, шарттардың шарпысқан ой-ұстанымдарын шамамызша саралап отыруға міндеттіміз.

Бәрімізге белгілі, Кеңес Одағының ыдырауы Батыс әлемінде, кей жағдайда посткеңестік елдерде де либералдық демократияның авторитарлы коммунизмді жеңуі есебінде бағаланған. Содан бергі дәуірде либерал-демократия басым көп адамдардың сапалы өмір сү-

руінің өлшемі ретінде қаралды. Дамудың ең негізгі қозғаушы күші – жеке адамдардың құқығы мен бостандығына басымдық беру. Либерализм мен демократияның міне осы құндылығы Батыс әлемінің, оған ұқсас Жапония, Оңтүстік Корея сынды елдердің дамуына дағды моторы деп танылды.

Олай болса, алып авторитарлық жүйенің құлауы, либерал-демократияның шартсыз жеңісі бола алды ма? 30 жылдан астам уақыт өткенде әлем осы сұраққа қайта айналып келгендей. Шын мәнінде олай болмағанын қазіргі жағдай растай түсті. Мүлде қарама-қайшы құндылықты ұстанушы және оны дәріптеуші алып режим жоқ, сонда да либерал-демократия әлемге толық орнығып кете алмады. Тіпті, қазір оның алдынан діни немесе дәстүрлі құндылықтар қатаң сынақ ретінде пайда болды. Жақында гректің Афины қаласында өткен «Демократия форумында» сарапшылар «демократия әлі жеңіске жетпегенін» мойындады. Форумдағы көптеген саясаттанушылардың, экономистердің және әлеметтанушылардың пікірлерін ортақтастырсақ, әлем қазір жаңа әрі ортақ құндылықты іздеудің бастапқы кезеңінде тұр. Бұл сөз болашақ

құндылық енді демократия болмайды деген сөз емес. Керісінше, ол жаңа қарсыластарымен тағы бір майдандасып жатыр дегенді білдіреді.

ҚАРАМА-ҚАЙШЫ ОЙ
АҒЫНДАРЫ

Қарама-қайшылық неде? Бір сөзбен айтқанда, бір қауым жұрт либерал-демократия адамзат ортақ құндылығына саяды әрі бұл дамуды қамтамасыз етеді десе, бір тарап онымен келіспейді. Авторитарлы әлем ұжымдық сана және қатаң бақылау режимі арқылы да кедейлікті жойып, бейбіт қоғам орнатуға, тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге, барлық азаматтарды игілікке жеткізуге болады деп санайды. Ал олардың жеке құқығы, бостандығы әлеуметтік ортақ игіліктің ішінде жатыр деп көрсетеді.

Мұндай ұстанымның басында тұрған елдің бірі – шығыс көршіміз. Қазір бұл ел халықаралық ережені қайта құруды батыл алға тартуда. Бұл шепте оның жақтастары да жоқ емес. Қытай өзінің шығысындағы Оңтүстік Корея мен Жапонияны «Азиядағы батыстанған ел» деп санайтыны байқалады. Қытайлық көзқараста Жапония мен Корея керісінше Қытаймен жақындасып, үш елге ортақ шығыстық құндылықты дамыту арқылы әлемге оң әсер етуі тиіс деп санайды.

Болашақ әлем экономикасына локомотив болғалы тұрған Оңтүстік Шығыс Азия елдері де жалпыадамзаттық құндылықтардан гөрі өңірлік құндылықтарды алға шығарғысы келеді. Бір кездері Сингапурды әлемдік дамудың ұшпағына жеткізген Ли Куан Ю жеке құндылықтардан гөрі отбасылық, әлеуметтік құндылықтарға көбірек

мән беретін шығыстық немесе конфуцийлік құндылық негіз етілуі керек дегенді де ұсынған. Тура осындай болмаса да бұған жақын ұстаным Филиппин, Малайзия, Үндістан сынды елдерде де кездеседі. Олардың саяси ұстанымдарында Батыста ортақ саналатын әмбебап құндылықтан гөрі өзіне тән шығыстық құндылықтарға басымдық беріледі.

Орта Шығыста Иран, Сауд Арабиясы немесе жалпы ислам әлемі адамның жеке құндылығына басымдық беруге бейім емес. Бұған Африкадағы, Латын Америкасындағы және қазір Батыспен ашық қарсылыққа келген солтүстік көршіміз сынды елдерді қосыңыз. Міне, осы тарап пен батыстық демократия арасындағы ұстаным қайшылығы қазіргі мәдени жарылысты көрсетеді. Ал саяси поляризация қайдан шықты десеңіз, өңірлік құндылықтарды дәріптеуші Қытай, Ресей сынды ірі елдер бастамашылық еткен БРИКС сынды ұйымдар арқылы өсіп шығуда. Соңғы басқосуында БРИКС Қытай, Ресей, Бразилия, Үндістан және Оңтүстік Африкаға қоса Орта Шығыстан, Африкадан және Латын Америкасынан жаңа мүшелерді өзіне тартты. Бұл ұйым алдағы уақытта жер халқының жартысынан көбін қамтыған, жаһандық экономиканың ауқымды бөлігін ұстайтын ұйымға айналады. Дегенмен, ішкі жағында да ортақ құндылығы жоқ. Айталық, бірі авторитария, бірі монархия, бірі теократия дегендей түрлі жүйелерге бөлінген.

ДАҒДАРЫС ШЫҒАР ЖОЛДЫ
ӨЗІ ҰСЫНАДЫ

Әлемнің бұл бет-бейнесі Екінші жаһан соғысынан кейінгі ең ауыр дағдарысты елестетеді. Ең

қиыны, халықаралық қауымдастыққа қатер төніп тұр. АҚШ гегемониясы қатаң сынға қалды, әрі ол белгілеген ережелерді қиратыңқы келетін жаңа күштер пайда болды. Барлық тарап қолынан келгенше халықаралық қауымдастықты дәрменсіз деп сынайды. Бірақ халықаралық қауымдастықтың болуының өзі қазіргі бейбітшіліктің маңызды кепілі. БҰҰ-ның алғашқы бас хатшыларының бірі Даг Хаммершельдің мынадай тамаша пікірі бар: «БҰҰ адамзатты ұжымасқа бастау үшін құрылмаған, ол адамзатты тозақтан құтқару үшін құрылған». Сол айтқандай, халықаралық қауымдастық қазіргі жағдайды шешіп, ірі державаларды бір сөзге келтірмесе де, жаһандық қақтығыстың алдын алу рөлін атқарып тұр.

Осындайда Уинстон Черчилльдің сөзі еске түседі: «Демократия – нашар басқару формасы, бірақ одан жақсысы ойлап табылмады» деген еді ағылшын премьері. Адамзат тарихындағы барлық дағдарыстардың салдарынан қарағанда қазіргі аса күрделі шиеленіс шешуін өзі ұсынатындай. Екі реткі дүниежүзілік соғыстан кейін адамзат ортақ бейбітшілік құру жолында құлшынығаны секілді, қазіргі қайшылық әлемді жаңа әрі даңғыл жол табуға мәжбүрлеуі мүмкін. Бұл әрине, позитивті тұрғыдан айтылған болжам. Біз үшін жалпы үрдісті қалт жібермей қадағалаудың маңызы осыдан көрінеді.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

стратегиялық маңызды бағдар

(Басы 1-бетте)

Алматы агломерациясын 2029 жылға дейін дамытудың Кешенді жоспарының жобасын (бұдан әрі – ДКЖ жобасы) әзірлеу 2023 жылғы қаңтарда қабылданған «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңның арқасында мүмкін болды. Оны әзірлегендер – «Алматыбасжоспар ҒЗИ» ЖШС және Алматы облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы.

«Алматы агломерациясын дамыту өңірдің орнықты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызды басымдық болып табылады», – деді Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев. Ол Алматы агломерациясының ел ауқымындағы маңызын атап өтті. Қазақстан аумағындағы агломерацияның үлесі – 0,61%, ел халқында – 17%, ел экономикасында – 21,3%.

ДКЖ жобасында қолжетімді тұрғын үй және әлеуметтік нысандар салу, сапалы инженерлік инфрақұрылым құру және т.б. көзделді.

Жобада КПП жобасымен түзетілген Алматы қаласының көлік каркасын дамытудың әзірленіп жатқан жоспары шеңберінде қала мен облыс арасындағы көлік байланысын жақсарту мәселесіне ерекше назар аударылды. Жоспарда көлік желілерін, оның ішінде қоғамдық көлікті дамытуға, теміржол тасымалының сапасын арттыруға бағытталған бірқатар іс-шара көзделген. Қала маңындағы аймақтардың тұрғындары үшін көліктік қолжетімділікті жақсарту үшін



Алматы және Алматы облысының әкімдері алдағы бес жылда Алматы агломерациясын дамыту перспективаларын талқылады

жаңа маршруттар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, облыс бойынша жылдам әрі ыңғайлы жүруге мүмкіндік беретін бірнеше көліктен-көлікке ауысу тораптарының құрылысы жоспарланып отыр. Бұл магистральдық жолдардың өткізу қабілетін және қоғамдық көліктің тартымдылығын арттырмақ.

ДКЖ жобасында өндірісті дамыту және жаңа орындарды ұйымдастыру үшін шағын өнеркәсіптік парктер құру, Индустриалды аймақты кеңейту, өндірістерді облыс аумағына көшіру көзделген.

Сонымен қатар, ДКЖ жобасында ішкі туризмді дамытуға баса назар аударылды. Агломерацияға Түргеннен Қаскелеңге дейінгі таулы туристік кластер кіреді.

Жұмыс кездесуі барысында бюджеттің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, шығыстардың қайталануын болдырмау және өнімсіз шығындарды қысқарту мақсатында ДКЖ жобасы аясында іс-шаралар санын 245-тен 174-ке дейін қысқарту туралы шешім қабылданды.

Жобаны қаржыландыруды республикалық және жергілікті бюд-

жеттер аясында да, жеке инвестициялар есебінен де жүргізу жоспарлануда.

Кеңес қорытындысы бойынша әкімдер жұмыс мерзімдерін белгіледі – осы жылдың қазан айының соңына дейін ДКЖ жобасы Алматы қаласы мен Алматы облысының мәслихатына келісуге жіберілмек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында бұл құжат 2023 жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына және бекітуіне ұсынылады.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Агломерация – бұл бір немесе бірнеше ірі қалалардың айналасындағы елді мекендердің жинақталған кластері. Негізі Алматы болып табылатын Алматы агломерациясына аудандық маңызы бар қалалар, 31 ауылдық округ және шамамен 3 млн адам тұратын 98-ге жуық елді мекен кіреді. Агломерация аумағы өзінің өңірлік даму жоспарлары мен мемлекеттік жоспарлаудың басқа да бағдарламалары бар 2 әкімшілік-аумақтық бірлікті (Алматы қаласы және Алматы облысы) қамтиды.

Жергілікті агломерация кеңесінің құрамына қала құрылысы, сәулет, көлік, кәсіпкерлік, әлеуметтік және қаржы салалары мәселелеріне жетекшілік ететін мәслихат депутаттары, тәуелсіз сарапшылар, Алматы қаласы және Алматы облысы әкімдерінің орынбасарлары енген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА ЖОЛ ӨТКЕЛІ АШЫЛДЫ

Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісінің қиылысындағы көлік торабының өткізу қабілеті 5 есеге артады

Бұл туралы нысанның басқарушы директоры және «Bazis Construction» ЖШС мердігер компаниясының өкілі Фариз Тутадзе мәлімдеді.

Кеше Алматыда Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісі қиылысындағы жолайрық бойында 4 жолақты қозғалысы бар Бұқтырма көшесінің тоннелдік бөлігі ашылды.

Жоба Алматы әкімдігінің тапсырысы бойынша іске асырылған. Бұл Бұқтырма көшесі бойымен автокөліктің өткізу қабілетін 15%-ға, Құлжа трактісі бойынша 20%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Бұқтырма көшесі учаскесінің жалпы құрылыс ұзындығы 830 м, оның ішінде туннель бөлігінің ұзындығы – 149 метрді құрайды.

– Қарбалас күндері құрылысқа 200-ден астам адам және асфальт төсеу, трактор, экскаватор секілді түрлі типтегі 50-ден астам техника жұмылдырылды. Мұның барлығы қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін жасалып отыр. Қазан айының соңына дейін велосипед жолдары бар жаяу жүргіншілер аймақтары абаттандырылады. Сондай-ақ, 360 мың шаршы метрден астам аумақты көгалдандыру және түрлі тұқымды 750 ағаш отырғызу жоспарланған, – дейді Фариз Тутадзе.

Көлік торабының құрылысы магистральдық жүктемесін азайту және функционалдығын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты болды. Айналма Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісінің қиылысындағы автомобильдер ағынының артуына төтеп бере алмады. Жоба аясында негізгі учаскеде үш деңгейлі жолайрық пайда болды. Оның ішінде тірек қабырғалары бар туннельдер мен эстакадалар, айналмалы қозғалыстың нөлдік деңгейдегі жолдары және барлық бағыттардағы оң жақ өткелдер бар.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КЕПТЕЛІСПЕН КҮРЕС

Алматы әкімдігінің тапсырысы бойынша көлік жүктемесін төмендету, көлік қызметінің сапасын арттыру мақсатында қаланың солтүстік-шығыс бөлігінің жүктелген көлік тораптарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, 2018 жылы Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісі қиылысында жолайрықты салу жобасы әзірленген-ді. Ал 2019 жылы құрылыс-монтаж жұмыстары басталған болатын.

Алматының қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібасевтың айтуынша, туннель ашылғаннан кейін жолайрығының айналма бөлігіндегі жүктеме азаяды. Бүгінде туннель бөлігі ашылғанға дейін барлық көліктер айналма арқылы маневр жасады. Мұнда жүктеме көбейіп, үлкен кептеліс пайда болды. Сондықтан 2018 жылы осы жолайрықты салу және Құлжа трактісі, Бұқтырма көшесі арқылы өтуді қамтамасыз ету және әуежайға қарай көлік қозғалысын жеңілдету қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

Көлік торабы деп бірнеше жасанды құрылымдардың жиынтығын айтамыз. Яғни бұл Бұқтырма көшесіндегі тоннель, тіреу қабырғалар, тіреу қабырғалары бар эстакадалар, сондай-ақ нөлдік деңгейдегі айналма жолдар және барлық бағыттардағы оң жақ съездер. Екі негізгі бағыттағы жол жүктемесін, яғни Халықаралық әуежайдан Алматы

қаласына және қаладан Талғар мен Алатау сынды елді мекендерге қатынайтын көлік қозғалысының жүктемесін азайтады деп күтілуде. Өйткені, қарбалас уақытта бұл бағыттардың жүктемесі өте жоғары, соның салдарынан үлкен кептелістер туындап жүр.

«Bazis Construction» ЖШС мердігер-компаниясының өкілі және объектінің басқарушы директоры Фариз Тутадзе өз сөзінде Түркісіб ауданындағы жолайрықты салу жөніндегі ірі инфрақұрылымдық жоба 31 қазанға дейін толық аяқталатынын жеткізді. Оның айтуынша, бүгінде су құбыры желілерін абаттандыру және қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Тораптың өткізу қабілеті 5 есеге жуық өседі, оны тәулігіне 340 мыңға дейін автомобиль пайдалана алады.

Айта кетейік, бүгінде Алматыда үш жолайрық салынуда. Олар Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі (аяқталу мерзімі – 2024 жылдың соңы), Саин көшесі – Мөңке би көшесі (Мөңке би көшесі бойынша қозғалыс 2023 жылдың соңына дейін ашылады, нысанның аяқталу мерзімі – 2024 жылдың екінші тоқсаны) және Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі (қозғалыс толығымен ашық, абаттандыру жұмыстары қазан айының соңына дейін аяқталады). Олардың барлығы Алматыда көлік ағындарының жүктемесін азайтуға ықпал етеді.

Ернұр РЫСБАЙ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматыда демалыс күндері Түркістан облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кеңейтілген жәрмеңкесі өтеді.

Сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін өтетін ауыл-шаруашылық жәрмеңкесіне Түркістан облысының 13 ауданы мен 3 қаладан (Арыс, Кентау, Жетісай) келген дикандар қатысады.

Жәрмеңкеде өнімнің 50-ден астам атауы (ет және сүт, жемістер мен көкөністер, шұжық өнімдері, өсімдік және жануар майлары және т.б.) ұсынылады. Өнімнің жалпы көлемі – 300 тонна, оның ішінде ет – 60 тонна, жеміс-көкөніс – 200 тонна, сүт өнімдері – 15 тонна, балық – 5 тонна, басқалары – 20 тонна.

Кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі Шевченко көшесіндегі Ш.Уәлиханов алаңы (Қонаев пен Пушкин көшелерінің арасында) мекенжайында өтеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Суық су уақытша тоқтатылады

Алдыңғы аптада Алматы мен Алматы облысының бірнеше тұрғын алаптары суық судан уақытша ажыратылуы мүмкін. Өйткені, Бұқтырма көшесі мен Құлжа тас жолы қиылысында жол-көлік айрығын салу жұмыстарына байланысты үш кезеңде құрылыс орындарының астынан Д-1400 мм, Д-1200 мм су тартқыштарын шығару жұмыстары орындалатын болады.

Жұмыстарды жүргізудің 1-ші кезеңі 9 қазан күні сағат 00.00-ден 10 қазан күні сағат 22.00-ге дейін мына тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға суық су беру уақытша тоқтатылады:

Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, «Нұршашқан» шағынауданы, Медеу ауданы «Medeu city», Family Comfort ТК; Алматы облысының Талғар ауданы, Белбұлақ, Гүлдала, «Луч Востока», «Тұздыбастау», «Түзусай», «Бірлік», «Бесағаш» кенттері, оның ішінде «Нұрия», «Достар», «Алма Тау», «Бесағаш», «Науат Apartments», «Ashyq Tobe» тұрғын үй кешендері; Құлжа трактінің бойында орналасқан коммерциялық нысандар (тамақтану орындары, базарлар, автосалондар және т.б.); «Атырау-1, 2, 3» шағынауданында желілердегі су қысымы төмендейді.

12 қазан, сағат 00.00-ден 13 қазан сағат 22.00-ге дейін мына аймақтар суық судан ажыратылады: Түркісіб ауданы, Nomad city ТК, Медеу ауданы Medeu city, Family Comfort ТК, Алматы облысының Талғар ауданы, Белбұлақ, Гүлдала, Лұч Востока, Тұздыбастау, Түзусай, Бірлік, Бесағаш кенттері, оның ішінде «Нұрия», «Достар», «Алма Тау», «Бесағаш», «Науат Apartments», «Ashyq Tobe» тұрғын үй кешендері; Құлжа трактінің бойында орналасқан коммерциялық нысандар (тамақтану орындары, базарлар, автосалондар және т.б.); «Атырау-1, 2, 3» шағынауданында желілердегі су қысымы төмендейді.

Жұмыстың соңғы 3-кезеңі 16 қазан сағат 00.00-ден 17 қазан сағат 22.00-ге дейін орындалады. Мына мекенжайларда су болмайды: Түркісіб ауданы, «Нұршашқан» шағынауданы, Nomad city ТК, Алматы облысы, Талғар ауданы, «Аспан Сити» ТК.

«Алматы Су» МКК мамандарының айтуынша, жоба аясында Құлжа трактісі бойынша эстакаданың аралық құрылысын, Бұқтырма көшесіндегі тоннель бөлікті, съездер мен түйіспелерді салу бойынша жұмыстар аяқталды. Бұл көлік торабының өткізу қабілетін бес есеге арттырады. Сондай-ақ, су құбыры желілерін абаттандыру және қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Жобаға сәйкес, абаттандыруды ескере отырып, осы көлік айрығының құрылысын толық аяқтау ағымдағы жылдың қазан айының соңына жоспарланған.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ӘКІМ

ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘРІ МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

Алматы қаласының білім саласы қызметкерлері өздерінің төл мерекелерін Almaty Theatre-да атап өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Салтанатты жиынға 600-ден астам педагог, еңбек ардагерлері, жас мамандар қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қала әкімі Ерболат Досаев іс-шара қонақтарын мерекемен құттықтап, ел игілігіне қосып отырған зор үлестері мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбектеріне алғысын жеткізді.

– Мұғалім – бұл мамандық емес, бұл адал борыш! Осы мерекеге сіздердің жан-кейіті еңбектеріңіз үшін, оқушыларды білім нәрімен сусындатып, өмірлік тәжірибелеріңізді бөліскендеріңізге шексіз ризашылығымызды білдіру үшін әр жолы ерекше тебіреніспен келемін.

Құрметті мұғалімдер! Біздің ең үлкен міндетіміз – сіздердің еркін жұмыс жасауларыңызға жағдай жасау. Біз балаларымызға озық білім беру үшін мамандарды даярлау мен қайта даярлауға инвестиция салуды жалғастырамыз. Сіздерді өміріміздегі ең маңызды әрі мәртебелі мерекенің бірі – Мұ-

ғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! – деді шаһар басшысы.

Мерекелік жиын барысында «Almaty Ustazu» және «Үздік білім беру ұйымы» байқауларының жеңімпаздары марапатталды. Қала мектептерінің мұғалімдеріне ҚР Білім министрлігінің төсбелгісі мен қала әкімінің Құрмет грамоталары табыс етілді.

Биыл қаламыздың жас педагогтарына арналған дәстүрлі «Almaty Ustazu» байқауы 2023 жылдың 1 сәуірінен басталып, үш кезеңде өткен еді. Оның аясында 2,5 мыңнан астам педагог заманауи білім беру үдерісіне озық әдістемелер мен цифрлық технологияларды енгізу бойынша дағдысын көрсетті. Жас мұғалімдердің шығармашылық әлсуетін ашу, мұғалім мәртебесін арттыру мақсатында ұйымдастырылған байқауға үш жыл ішінде 36 жасқа дейінгі 7 мыңға жуық педагог қатысты.

Шаһар басшысы финалға шыққан бес педагогқа Сингапурда оқу тәжірибесінен өтуге сертификаттар табыс етті. Олардың

қатарында Салтанат Анапияева – №159 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі («Тіл және әдебиет» бағыты бойынша), Эльдар Әбдіхалықов – №168 жалпы білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі («Адам және қоғам» бағыты бойынша), Майра Махабаева – №202 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі («Бастауыш білім беру» бағыты бойынша), Жансая Қыдырханова – №206 мектеп-гимназиясының география мұғалімі («Химия, биология, география» бағыты бойынша), Салтанат Есхожаева – №24 лицейдің математика пәнінің мұғалімі («Математика, физика және информатика» бағыты бойынша) ие болды.

Аталмыш байқаудың 5 млн теңге көлеміндегі жүлдесіне ие болған Салтанат Анапияева Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Сонымен, байқаудың 5 жеңімпазы Сингапурда халықаралық білім беру тағлымдамасынан өтуге сертификат алды. Енді олар жетекші мектептердің жұмысымен танысып, шетелдік оқу орындарымен тәжірибе алмасады.

(Соңы 12-бетте).

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ
газ жабдығын дұрыс пайдалану – үлкен жауапкершілік

Алматының Әлеуметтік қызметтер үйінде Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбында жиын өтті. Оның нәтижесінде КИД басқармасы шаһар тұрғындарына келесідей үндеу жолдады:

Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі тұрмыстық баллондарды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Басқарма жылыту маусымы қарсаңында жекеменшік үй иелерінің және көппәтерлі үйлердегі үй-жайлардың «Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талапты» (ҚР ІІМ 09.10.2017 ж. №673 бұйрығымен бекітілген) біліуі және сақтауы тиіс екенін еске салады.

Сонымен қатар, Заңның 19-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес, газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыс-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарату ұйымымен немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесімен не Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Сондай-ақ, халықтың өмірі мен денсаулығына жаппай қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың алдын алу үшін әлеуметтік

инфрақұрылым объектілерінде ағымдағы жылдың басынан бері Төтенше жағдайлар департаментімен, Алматы қаласы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасымен бірлесіп 36 сауда базарына, 56-сауда орталығына (СОО, СУ), 424 қоғамдық тамақтандыру объектісіне бару арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді, оның ішінде 165 объект газ жабдығының талаптарын бұза отырып пайдаланатыны анықталды оларға, бұзушылықтарды жою жөнінде ұсынымдар берілді.

2023 жылдың басынан бастап басқарма мамандары 22 объектіге жоспардан тыс тексерулер жүргізді, оның ішінде 10 объектіге айыппұл салынды.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Майра МӘМБЕТОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы:

«МЕРЕКЕ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ»



Астанада өткен республикалық педагогтар съезінде Мемлекет басшысы еліміздің білім саласының дамуына зор үлес қосқан, аса үздік жетістіктері мен Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын табыс еткен еді. Айтулы атаққа ие болған ұстаздар қатарында Алматы қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Майра Мәмбетова да бар. Біз осынау атаққа ие болған ұлағатты ұстазды кәсіби мерекесімен және марапатымен құттықтап, сөзге тартқан едік.

— Иә, мен бұл марапатты тек маған ғана емес, бүкіл Алматы қаласының ұстаздарының еңбегіне берілген баға дер едім. Осы сөзге баратынымды естіп қуансам да, дәл осы марапатты аламын деп ойламаған едім. Мемлекет басшысы өз қолымен марапатты табыс еткен кезде сондай қатты толқидым.

Менің ұзақ жылдардағы еңбегімнің мемлекет тарапынан еленіп жатқаны маған ерекше шабыт бергендей. Өзімнің жүрек қалауыммен таңдаған мамандығымды қазір тіпті ерекше жақсы көріп кеткендеймін. Қуанғанымнан шығар, әйтеуір қатты толқығаным есімде қалды, — дейді Майра Рабатқызы.

— Кезінде ата-анам мені орыс мектебіне берді. Сол кезде мектебіміздегі мұғалімдердің дені Мәскеу мен Ленинградтан келген әскери қызметкерлердің жұбайлары болатын. Математика пәнінен сабақ берген Георгий Павлович Папов деген өте білімді мұғалімі болды. Қазір оқушылар есеп шығара алмаймыз деп уәж айтса, ол кісі сенбейтін. Бес парак бес нұсқа есеп көрсетпесек, сенбейтін. Міне, мен сондай мұғалімнен білім алдым. Мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматыдағы Қыздар педагогика институтының Физика-математика факультетіне түстім.

Жалпы, ұстаздық еңбек жолымды «Айнабулақтағы» орыс мектебінен бастағанмын. 1997 жылдары қиын болғанына қарамастан терминдерді қазақша жаттап, қазақ мектебіне ауыстым. Бірде Есмұқан Қанағатов ағай менің өткізген аудандық семинардағы сабағымды көрсе керек, «Білімді мұғалім екенсіз, №161 мектепке жұмысқа келсеңіз», — деп шақырды. Ол кісі кейінгі жылдары ҰБТ сұрақтарын құрастыратын экспертизаларға, апелляцияға көп қатыстырды.

Сондай жұмыстар арқылы мен көп шыныққан сияқтымын. Сол мектептен зейнетке шықсам да, әлі күнге еңбектен көл үзбей ҰБТ-ға дайындайтын «Болашақ» деп аталатын орталықта еңбек етіп жатқан жайым бар. Елордадағы съезде білім жүйесін дамытуға қатысты көптеген мәселелер қамтылды. Маған, әсіресе, ауыл мектептеріндегі білімнің деңгейі көтерілсе, сол ауылдарға білімді де, білікті мамандар барса, оқулықтар сапалы, мамандар білімді болса деген пікірлер қатты ұнады. Ең негізгі басты міндетіміз — білімді ұрпақ қалыптастыру ғой. Мен бақытты ұстазым. Еңбектен бақытты тапқан жаным.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Алматыда «Білім беру стратегиялары: болашақ кадрларды даярлау» атты халықаралық форум өтті

Абай атындағы ұлттық университетінде белгілі ғалым-педагог, академик Серік Пірәлиевті еске алуға арналған «Білім беру стратегиялары: болашақ кадрларды даярлау» атты халықаралық педагогикалық форум өтті. Аталмыш оқу ордасын Серік Жайлауұлы 2008–2017 жылдар аралығында басқарды.

Форумға Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілеп, ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар қатысты. Іс-шара С.Пірәлиевтің ғылыми еңбектерінің көрмесімен басталып, ғалымның отбасы демалушылық көрсетуімен ашылып отырған конференц-залдың салтанатына ұласты.

Форумды ректор Болат Тілеп кіріспе сөзімен ашып, ғалымның бүкіл саналы ғұмырын білім беру жүйесін жетілдіруге және жоғары білікті кадрлар даярлауға, сондай-ақ жалпы қазақстандық ғылымды дамытуға қосқан үлесінің зор екенін ерекше атап өтті. Келесі кезекте вице-министр Дархан Ахмед-Заки ел Үкіметі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің құттықтау хатын оқып берді. Өз сөзінде мұндай шаралардың еліміздің тарихы мен озық дәстүрін дәріптеуге, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға қызмет ететінін айтты. Форум барысында «Академик С.Ж.Пірәлиев: өмірлік жолы және ғылыми жетістіктері» бейнефильмі көрсетіліп, ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптардың тұсаукесер рәсімі өтті.

Іс-шара соңында «Үздік ғылыми басы-



лым» конкурсының жеңімпаздары марапатталды. Сонымен, Алматыға жиналған ғалымдар білім беруді дамыту және болашаққа педагогикалық кадрлар даярлау стратегияларын кеңінен талқылады. Форум аясында «Қазақстанда педагогикалық білім беруді ғылыми-зерттеушілік сүйемелдеу мен тұжырымдауға сұраныс» тақырыбында пәнелдік пікірталас, «Мектеп пен университет диалогы: жаратылыстану-географиялық цикл пәндерін оқыту әдістемесін жаңарту» тақырыбында «дөңгелек үстел», білім беру мен ғылымның негізгі мәселелері талқыланды. Зерттеу топтарының отырыстары, сондай-ақ үздік оқытушылардың шеберлік сыныптары өтті.

Ең бастысы, аталмыш жиын бар ғұмырын қазақ білімі мен ғылымының өркендеуіне арнаған ғалымның хаты өлмейтініне дәлел болды.

САУАЛНАМА

ҰСТАЗ БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы» деген Ғафу Қайырбековтің осы бір ауыз сөзі бұрын да, бүгін де маңыздылығын жойған емес. Олай деуіміздің себебі, мектеп өмірінен тәжірибе жинап, нағыз ұстаз болу – кез келгенге бұйыра бермейтін бақыт. Біз бүгін ұстаздық мамандығының маңызы мен жауапкершілігін түсінген жастарды әңгімеге тартқан едік. Сонымен, болашақ мұғалімдер не дейді?



Арайлым НҮРҚАСЫМОВА,
Абай университеті Филология институтының студенті:

«Мұғалімсіз еліміздің болашағы дамымайды»

Төрт жыл бұрын мен де арман қуып, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі боламын» деген тілегімді аркалап, Абай атындағы ҚазҰПУ-ға түстім. Университетте жүрген кезімде теория мен практиканы ұштастырып, білім теңізінің тереңіне бойладым. Ұстаз болуға деген құлшынысым одан сайын оянып, іздене бастадым. Дәл қазір мен «XXI ғасыр мұғалімінің» моделін қалыптастыратын қабілет пен қасиеттерді бойыма сіңіруге тырысып жатырмын.

XXI ғасыр – технологиялар мен бәсекелестіктің дамыған заманы. Қазір мұғалім тек өз пәнінен шектеліп қалмай, оқушылардың да жан-жақты білім алуына әсер етуі тиіс. Демек, бүгінгі мұғалімнің бойында жан-жақтылық, ізденімпаздық пен қызығушылық, білімге құлшыныс, психологиялық білім секілді қарым-қабілет түгел жинақталуы керек. Ең бастысы, өзіңнің жүрегің қалаған өз ісінді сүю.

Өткен-айы, қазір көп жастар өздері қаламаған мамандыққа түсіп жатады. Осылайша алдымен өзің, екінші мамандыққа қиянат жасайды. Сондықтан өзіңнің қалаған ісінмен айналыссаң ғана жүрегің жай тауып, шын пейілмен жұмыс істей аласың. Осы жағынан өз мамандығымды адаспай таптым деуге болады. Әр сабақта оқушыны жалықтырып алмайтындай түрлі онлайн ұйымдастырып, өзара қарым-қатынас орнатуда психологияны да меңгеріп жатырмын. Өйткені, алдындағы әрбір оқушы – Қазақстанның болашағы.

Еліміздің болашағымыз жарқын болуы үшін жастарымыз білімді, құзыретті әрі жан-жақты болуы тиіс. Оқушыға тек пән бойынша сабақ беріп қана қоймай, болашағына қажетті тәрбие, ақыл-кеңесімді бермекпін. Бар арманым – оқушыны жақсы іске қанаттандыра алатындай мұғалім болу. Ал мұғалімнің жетістігі – оқушысының өмірдің бір белесін бағындырғанын көру. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, болашақта өз ісіміңнің маманы болуға тырысамын.



Дана ӘБДИМАНАП,
Абай университетінің Филология институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығының 3-курс студенті:

«Болашақта жақсы ұстаз болсам деп армандаймын»

Мен жалпы ұстаздан бағы жанған жанмын. Студенттік шағымда да кіл ғалым, әдіскер-ұстаздармен қауыптым. Ұлы ойшыл, ғұлама Абай атындағы 95 жылдан аса тарихы бар Абай университетінің студенті атану менің ғана емес, әр студенттің арманы деп білемін. Тап осы жоғары оқу орнында біз жанаушы ұстаз болуға дайындалудамыз. Сөзсіз ол дайындық балалардың дүниеге келген күнінен бастап өсуі мен дамуындағы ерекшеліктерді зерттеуден басталады.

Жас ерекшеліктеріне қарай мінез-құлықтарын, дағдыларын жіті зерттеп, соған қарай жұмысымызды жоспарлауға машықтанудамыз. Тап қазірден бастап мұғалімге жүктелетін жауапкершіліктің оңай емес екенін түсіндім. Университет қабырғасында әр ғалымның өзіндік ерекшеліктері, өзіндік әдістері, өзіндік көзқарастары бар екенін байқаймын, әр ұстаз – түртіп кетсе, төгілте сөйлейтін, сөзге шешен, іскер, шексіз шығармашылық иесі, бір сөзбен айтқанда, ілімге толы ғылым әлемінің темірқазығы. Болашақ педагог ретінде мен мынадай қасиет иесі болуым керек деп, күні бүгіннен өзімді тәрбиелеудемін. Осындай ғалымдардан білім алып жатқан менің осал болуға құжым жоқ.

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» демекші, ұстаздарым – ЖОО-ның жүрегі, әр студенттің шабытын ашатын кемел білім иесі. Алдағы жоспарда педагогикалық тәжірибеден өту үшін білім ошақтарына бару тұр. Осынау жауапты істе де өз деңгейінде алып шығуға тырысамын. Тақырыптарды өмірмен байланыстырып, тәжірибе жүзінде көрсететін әр ұстазымыз сабақта

бізді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, 45 минутта 45 түрлі жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіріп келеді.

Ұстаздарымыз үнемі бізге сенетінін, ел ертеңі, біздер екенімізді, болашақ бізге аманат екенін жиі айтып отырады. Осы орайда, еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың: «Тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді одан ары өркендету – қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Сондықтан біз сіздерге зор үміт артамыз» деген сөзі ойға оралады. Осы бір жалынды сөздердің астарында Отан алдындағы борыш, аманатқа қиянат жасамау, жауапкершілік жүгі жатыр. Мен де ұстаздарымның аманатына қиянат жасамай, болашақта жақсы ұстаз болсам деп армандаймын.



Абдулазиз САЙАУЫШҰЛЫ,
Абай университеті
Филология институтының студенті:

«Бір адамды адам етсек, бар адамды адам еткенмен тең»

Өркімнің өмір жолы, тағдыры қилы-қилы ғой. Бір-біріне ұқсай бермейтін, өзінше новеллаға, драмаға толы қалтарыс-қаңтарысы көп жанрлар тоғыспасы сияқты. Менің де мұғалімдік мамандығын таңдауым, өз жолым өзіме қызық. Бала кезімнен-ақ ақ халатты дәрігер болуды, адамдарға көмектесіп, мейірілі, шапағатты болуды армандаушы едім. Кескін-келбетіме, саусағыма қарап та, кісілер солай дейтін. Дегенменен, менің бұл тілегім дәл сол қалпында қалды. Алла Тағала маған одан да артық кәсіп иесі болуымды қалағандай. Қазір иір бұтақты еменмін. Солай десек те, мен ем-шара ісінен, шипагерлік ауылынан пәлендей алыстап кетпедім деп білемін.

Шәкәрім бабамыз «Денен, жан нұрлы болса, жөнделмек» демейді ме? Менің ойымша, білім алушыларға, балаларға үлгі керек. Сізге ұқсауды, сіз секілді сөйлеуді, киінуді, тіпті сіздікіндей әтір себуді үлгі етсе, бұл педгогтік шеберлік, яки бала жүрегін жаулап алған көркемділік емес пе? Құр айкаймен, шаншар сынмен біреуді түзеймін деу – бекершілік. Біреуге мейірім төксек қана, яки күллі адамзат баласы үшін қызмет қылсақ, сауап алсақ, өшпес із, өміршең естелік, амал болып жазылар я жазылмас, тарих беттерінде алтын әріппен есімдеріміз қалар! Өз басым бір адамды адам етсек, бар адамды адам еткенмен теңдей деп ойлаймын.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

БІЛІМ МЕН

табысқа жетудің ең басты кілті



(Басы 1-бетте)

Ұлттың жаңа сапасы: ПЕДАГОГ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ БУЫН

Президент мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және беделін арттыруға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп жатқанына назар аударды.

– Менің бастамаммен 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке Заң қабылданды. Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті. Жақында балабақша тәрбиешілерінің айлығы 30 пайызға көбейді. Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылды. Мұғалімнің міндетіне кірмейтін артық жұмыстың бәрі алынып тасталды. Ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне баса мән беріліп жатыр. «Болашақ» бағдарламасымен үш жылда 220-ға жуық педагог шетелде оқып келді. Мұғалім мамандығын таңдаған жастарға қойылатын талап күшейді. Осы саладағы студенттердің стипендиясы 2,5 есе көбейді. Бір сөзбен айтқанда, біз, ең алдымен, білікті ұстаз даярлау ісіне айрықша мән беріп отырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, бүгінде педагогика саласы ғылымның ең маңызды тармағының біріне айналды. Сондықтан бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Осы ретте Президент білім беру саласына қатысты бірқатар маңызды мәселеге тоқталды. Ұстаздардың біліктілігін арттыру қажет екенін атап өтті. Педагогтардың бүгінде тек пәнді ғана үйретіп қоймайтынын, сондай-ақ балалардың әлеуметтік дағдылары мен эмоциялық интеллектісін дамытуға ықпал ететінін айтты. Осынау жоғары атқа лайық болу үшін мұғалімдер әрдайым кәсіби тұрғыдан дамып, өзгерістерге дайын болуға тиіс.

– Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда, қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса, мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. Мұның бәрі педагогтарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтарға қатысты бағдарламалардың басым бөлігі заман талабын ескермейтін бұрынғы әдістемелерге негізделген. Заманауи тәсілдер мен технологияны енгізе отырып, оқу бағдарламаларын қайта қарау, жаңғырту қажет, – деді Президент.

Жаңа қағида: «ӨМІР БОЙЫ ОҚЫ ЖӘНЕ ҮЙРЕН»

Мемлекет басшысы балалардың уақыт талабына сай озық білім алуы қажет екенін екінші маңызды мәселе ретінде атап өтті.

– Ғалымдар 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің жар-тысына жуығын цифрлық және техникалық жүйелер алмастырады деген болжам айтуда. Сондықтан азаматтарымыз жаңа заманға қажетті дағдыларды үйренуі керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бұрын «алған дипломың өмір бойы азық болады» деген түсінік бар еді. Енді оның орнын «Өмір бойы оқы және үйрен» деген қағида басуы керек. Қазір жұмыс берушілер үшін ең бастысы диплом немесе сертификат емес. Олар іздене білетін, жаңа талапқа икемделе алатын, тәртіпті және ұқыпты жас мамандарды бағалайды. Яғни қызметкердің қолындағы қағазға емес, қарым-қабілетіне мән береді. Сондықтан әр азамат үздіксіз оқуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: үш ауысыммен оқытудан біржола құтыламыз

Президент айрықша тоқталған өзекті мәселенің бірі – мектептегі орын тапшылығы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Бұл, әрине, қуантарлық жайт. Алайда, демографияның өсу қарқыны білім беру жүйесіне үлкен салмақ түсіреді.

– Тәуелсіздік жылдарында елімізде 2300-ге жуық мектеп салынды. Соның нәтижесінде төрт ауысыммен оқытудан арылды. Дегенмен, «үш ауысыммен» оқу жүйесі әлі күнге дейін бар. Көптеген мектептің техникалық жабдығы ескірген. Осы мәселенің бәрін жоспарлы түрде шешуіміз қажет. Менің бастамаммен елімізде «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Екі жылдың ішінде барлық аймақта, соның ішінде ауылдық жерлерде жүздеген білім ордасы салынады. Соның арқасында үш ауысыммен оқытудан біржола құтыламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жақында еліміздің кәсіпкерлерімен кездесу барысында қайырымдылық ретінде облыстарда, қалаларда мектеп салу мәселесін қозғағанын жеткізді. Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылғандардың заңсыз тапқан қаржысы мектеп салуға жұмсалып жатыр. Қазірдің өзінде 13 мектеп салынды. Жыл соңына дейін тағы да 33 мектеп бой көтермек.

● ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын.
- Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет.
- Қазір жұмыс берушілер үшін ең бастысы диплом немесе сертификат емес. Олар қызметкердің қолындағы қағазға емес, қарым-қабілетіне мән береді. Сондықтан әр азамат үздіксіз оқуы керек.
- Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы.
- Мақсат – көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу.
- Кім-кімнің де жақсы адам, мықты маман болуы ұстазына байланысты.
- Балалар білікті маман болсын десек, ең алдымен, орта білім сапалы болуы керек. Екі жылдың ішінде барлық аймақта, соның ішінде ауылдық жерлерде жүздеген білім ордасы салынады.
- Мектеп ең қауіпсіз орынға айналуға тиіс.



ҒЫЛЫМ



Білім беру саласын дамыту: ЖЕТІ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

- 1) Мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
- 2) Балаларды заманауи озық біліммен қамтамасыз ету;
- 3) Мектептерде орын тапшылығы проблемасын шешу;
- 4) Балалардың қауіпсіздігін дамыту;
- 5) Қалалық және ауылдық мектептерде білім беру сапасының теңсіздігін жою;
- 6) Білім беру процесін цифрландыру қарқынын жеделдету;
- 7) Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу.

БІЛІМ ОШАҚТАРЫ ең қауіпсіз орынға айналуы тиіс

Қасым-Жомарт Тоқаев мектепті ең қауіпсіз орынға айналдырудың, білім ошақтарының бәріне дабыл қағу, бейнебақылау жүйесін орнатудың маңызды екенін тағы да еске салды.

Мектеп оқушылары арасында белең алған буллинг, әлім-жеттік, зорлық-зомбылық көрсету проблемасы да Президент назарынан тыс қалмады.

– Мен Президент Әкімшілігіне қылмыс жасағандарды заң жүзінде жазалау үшін осындай жағдайлардың бәрін айрықша бақылауға алуды тапсырдым. Мұндай адамдарға басқа айтар сөзім жоқ. Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура балалардың қауіпсіздігіне қатысты өздеріне жүктелген міндетті дұрыс атқаруға тиіс. Бала құқықтары жөніндегі омбудсмен мұндай жағдайлардың бәрін тіркеп, маған баяндауы қажет. Қатаң шара қолданамыз. Мектептерде зорлық-зомбылық жасаушыларды басқа жолмен тоқтату мүмкін емес. Білім ошақтарында қылмыстық психологияның таралуы секілді келеңсіздікті түбірімен жою керек, – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЛА МЕН АУЫЛ: білім саласындағы теңсіздік жойылады

Президент айрықша тоқталған тағы бір маңызды міндет – қала мен ауыл мектептеріндегі білім саласының теңсіздігін жою. Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды екенін айтты.

– «Мектебі бар ауылда тіршілік бар» деп бекер айтылмаған. Мектеп бірнеше әлеуметтік нысанның ролін атқарады. Онда қоғамдық жиындар, мәдени іс-шаралар, спорт сайыстары өтеді. Ауыл мектебі жергілікті жұртты ортақ іске жұмылдырады. Осы орайда кәсіпкерлер қауымына да зор міндет жүктеледі. Қазір мемлекет пен бизнестің серіктестігі арқылы ауыл мектебін жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Осы тәсілмен үш жылдың ішінде кем дегенде бір мың ауыл мектебін керек-жарақпен толық жабдықтау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Цифрлық трансформация: ЖЫЛДАМДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ИНТЕРНЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету қажет екенін атап өтті. Өйткені, цифрлық шешімдер озық педагогикалық тәжірибені тез әрі тиімді түрде кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Сол арқылы, тіпті, шалғай аудандардағы оқушыларды еліміздің және әлемнің үздік ұстаздарының материалдарымен, сабақтарымен қамтамасыз етуге болады.

– Ауыл мектептерін жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету – Цифрлық даму министрлігіне де, облыс әкімдеріне де жүктелетін жауапкершілік. Алты айдан кейін берілген тапсырманың орындалуын тексеремін. Жалпы, білім беру жүйесін мүлде жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстарын жүргізуіміз керек. Ең алдымен, 2027 жылға дейін интернет желісі әлі тартылмаған мектептердің бәрін жылдамдығы жоғары интернетке қосу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Ізгілік қағидалары: ОЗЫҚ БІЛІМ, ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ

Президенттің айтуынша, оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керек. Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар.

Елімізде осы қағидаға негізделген жаңа қоғамдық этика орнығуға тиіс. Мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орталыққа айналуы керек.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстан Конституция бойынша зайырлы мемлекет екеніне назар аударды. Сондай-ақ, қоғамда қызу пікірталасқа ұласқан дін мәселесіне байланысты пікір білдірді.

– Бұл қағида барлық жерде, соның ішінде білім беру мекемелерінде қатаң сақталуға тиіс. Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы. Елімізде дін бостандығына заңмен кепілдік берілген. Балаларымыз есейіп, дүниетанымы толық қалыптасқан соң өз таңдауын жасағаны дұрыс деп санаймын. Ең бастысы, көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу керек, – деп түйіндеді сөзін Президент.

Мемлекет басшысы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын берді. Аталған марапатқа ие болған ұстаздар арасында алматылық еңбек ардагері Майра Мәмбетова да бар.

Жиын барысында Астана қаласындағы және өңірлердегі мектептер мен колледждерде еңбек ететін ұстаздар сөз сөйлеп, білім саласын дамыту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ жеке заңмен бекітілген

Биыл алғаш рет Мұғалімдер күні мерекесі 5 қазанға бекітілді. Естеріңізге сала кетейік, тиісті қаулыны ҚР Үкіметі қабылдаған болатын.

Осылайша дүниедегі ең асыл, жауапты әрі маңызды мамандық өкілдерін біріктіретін бұл мереке – Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.

Оқу-ағарту министрлігі жариялаған мәліметке сәйкес, биылғы Республикалық педагогтар съезіне еліміздің барлық өңірінен 700-ге жуық мұғалім қатысып, арнайы ұйымдастырылған алаңдарда озық еңбектерімен және халықаралық тәжірибелермен бөлісті. Министрлік деректеріне сүйенсек, бүгінгі таңда еліміздегі білім беру саласында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағытында 500 мыңға жуық педагог жұмыс істейді.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2019 жылы педагогтардың мәртебесі жеке заңмен бекітілген. Төрт жыл ішінде мектеп мұғалімдерінің жалақысы екі есе өсті. 220 мыңға жуық ұстаз тағайындалған санаты үшін 50%-ға дейін үстемеақы алады. Өндірістен тартылған техникалық және кәсіптік білім беру педагогтары жалақысына 35%-ға дейін қосымша ақы алады. Биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап 97 мың тәрбиешінің жалақысы тағы 30%-ға көтерілді.

2023-2024 оқу жылы 1 қыркүйек – 25 мамыр

I тоқсан – 8 оқу аптасы

Күзгі демалыс	7 күн	30.10 – 05.11.2023
---------------	-------	--------------------

II тоқсан – 8 оқу аптасы

Қысқы демалыс	10 күн	29.12.2023 – 07.01.2024
---------------	--------	-------------------------

Бірінші сыныптар үшін

Қосымша демалыс	7 күн	05.02 – 11.02.2024
-----------------	-------	--------------------

III тоқсан – 10 оқу аптасы

Көктемгі демалыс	11 күн	21.03 – 31.03.2024
------------------	--------	--------------------

IV тоқсан – 8 оқу аптасы

МИНИСТРЛІК

2023-2024 оқу жылы: КАНИКУЛ МЕРЗІМІ БЕКІТІЛДІ

Еліміздің Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу мерзімін, ұзақтығын және каникул кезеңдерін бекітті.

Министрлік таратқан мәліметке сүйенсек, орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылы 1 қыркүйекте басталды, ал 25 мамырда аяқталады.

Бірінші тоқсанда оқу уақыты 8 апта, күзгі каникул 30 қазаннан 5 қарашаны қоса алғанда 7 күнге созылады.

Екінші тоқсанда 8 оқу аптасы бар. Қысқы каникул 2023 жылдың 29 желтоқсанында басталады, 2024 жылдың 7 қаңтары қоса алғанда күнтізбелік 10 күнге жалғасады.

Үшінші тоқсан 10 оқу аптасынан тұрады. 11 күндік көктемгі каникул 2024 жылдың 21 наурызында басталып, 31 наурызға (қоса алғанда) дейін жалғасады.

Айта кетерлік мәселе, жыл сайын бірінші сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда қосымша демалыстар беріледі, ұзақтығы 7 күн – 2024 жылдың 5 ақпанынан 11 ақпанға (қоса алғанда) дейінгі уақытты қамтиды.

Төртінші тоқсанның ұзақтығы 8 оқу аптасын құрайды. Сондай-ақ, 25 мамырда қорытынды шығарылып, оқу жылы аяқталады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» .

(Дереккөздер: www.akorda.kz).

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсы).



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ХАЛЫҚҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Қазақстанда халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығы
74,44 жасқа дейін өсті

Бұған Мемлекет басшысының халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмалары шеңберінде жүргізілген шаралар әсер етті.

Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният мәлімдеді.

Сала басшысы атап өткендей, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, елімізде денсаулық сақтаудың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерінің оң серпіні байқалады. «2023 жылдың жеті айында былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткіші 7,4%-ға, соның ішінде қан айналымы жүйесі ауруларынан 7%-ға, қатерлі ісіктерден 2%-ға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан 5%-ға, туберкулезден 20%-ға өлім-жітім төмендеді», – деді министр.

Сонымен бірге, елімізде ауруларды ерте анықтау нәтижелері де жаман емес.

Үш жылдың ішінде консультациялық-диагностикалық көмек 7 есе өскен. Бұл Мемлекет басшысының денсаулық сақтау саласы мекемелерінің жарақаттандырылуын жетілдіру туралы тапсырмасын орындау нәтижесінде мүмкін болды.

Министрдің мәліметі бойынша, ағымдағы жылдың 6 айында



200 млн-нан астам консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетілген. Заманауи КТ қызметтерінің қолжетімділігі 9 есе, ал МРТ – 6 есе өсті. «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативі қайта қаралды. Енді 50 адамға дейінгі ауылдарда медициналық көмекті мейіргер көрсетеді, ал 500 адам тұратын ауылдарда медицина қызметкерлерінің саны бір адамнан үшке дейін ұлғайтылды. Жалпы практика дәрігеріне қабылдаудың кезектілігін төмендету үшін мейіргерлік қабылдау функциялары кеңейтілді», – деді А.Ғиният.

Елімізде халыққа жоғары технологиялық медициналық көмектің 80 түрі бойынша қолжетімділік қамтамасыз етілді. Министр бөліскен ақпаратқа сәйкес, Гамма-пышақ орталығында

ашылған сәттен бастап мыңнан астам операция, ал 2023 жылы – 233 операция жасалған. Бір операцияның құны – 1,7 млн теңге. Атап өтерлігі, Гамма-пышақ орталығы кардиохирургиялық, нейрохирургиялық, жалпы хирургиялық және орталық нерв жүйесінің ауруларын радиохирургиялық емдеуді жүзеге асырады.

Қазақстан фармацевтикалық отандық өнім өндірісін арттырады. Бүгінгі күні жергілікті фарм-өнімдердің үлесін 2029 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізу мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Министрдің айтуынша, елімізде дәрі-дәрмек өндірісі 2019 жылдан 2023 жылға дейін екі есеге өскен. Бұл осы бағыттың жоғары әлеуетін көрсетеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: ortcom.kz).

● МАМАН КЕҢЕСІ



Артериялық гипертонияны жеке ауру ретінде, жүректің ишемиялық ауруы, миокард инфарктісі және инсульттің дамуының қауіпті факторы ретінде де қарастыруға болады, дейді дәрігерлер.

Жоғары қан қысымы:

«ОЙНАМАҢЫЗ!»

Алматы қалалық Кардиология орталығының кардиореаниматологы Бағдат Қанапиннің айтуынша, тонометрдегі сан кенеттен әдеттегіден өзгеше бола бастаса, қысым 140/90-ға дейін және одан да жоғары секірсе, кейінгі кездері мұндай жағдай жиілеп бара жатса, онда денсаулығыңызға ерекше ден қоятын кез келді.

– Бүгінгі күні алматылықтар арасында ең көп таралған жүрек-қан тамырлары ауруы – артериялық гипертония. Барлық жүрек-қан тамырлары ауруының шамамен 50%-ы осы дертке байланысты. Сондықтан ең алдымен, гипертонияның ықтимал себебін табу керек, оған жүрек, бүйрек аурулары, мидың қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда дәрігерлермен кеңесіп, бірқатар тексеруден өту керек, – дейді дәрігер.

Сарапшы-маман жоғары қан қысымы бар адамдарға дұрыс

және тиімді емдеуді тағайындайтын және қан қысымын тиімді бақылауға кеңес беретін дәрігерге баруды ұсынады.

Сондай-ақ, Қанапин Бағдат қысымды бақылау қауіпті аймақтағы пациенттер үшін ең маңызды критерий екенін атап өтті.

– Мен кардиореаниматология ретінде қан қысымы жоғары адамдарда кез келген аурудың төтенше жағдайы болған кезде асқынуды қауіпті әлдеқайда жоғары екенін баса айтамын. Мәселен, миокард инфарктісіне күдікті адам келіп түсті дейік, пациенттің қан қысымы жоғары болса, біз уақытты шұғыл кардиографияны жүргізуге жұмсаймыз. Өйткені, пациенттің жағдайын тұрақтандыру қажет, – дейді ол.

Есіңізде болсын, жоғары қан қысымымен «ойнауға» болмайды, одан адам өліп кетуі де мүмкін.

Ауырмайық, ағайын!

Нұр ЖАМАЛ.

● ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы А.Жақанбаеваның жетекшілігімен, «Алматы-1» теміржол вокзалы қызметкерлері мен Алматыдағы басқа да мүдделі ұйым, ведомстволар қызметкерлерінің қатысуымен теміржол вокзалындағы медициналық пунктінде аса қауіпті инфекцияға (сібір жарасы сырқаты) күдікті науқас анықталған жағдайдағы қызметкерлердің іс-әрекетіне қатысты оқу-жаттығу сабағын өткізді.

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...



Айнабай
МӘДІ

Оқу-жаттығу сабағы аса қауіпті инфекцияға (сібір жарасы) күдікті науқас анықталған жағдайдағы іс-әрекет алгоритмімен жүргізілді. Сценарий бойынша «Алматы-1» теміржол вокзалы медициналық пункттің кезекші медбикесіне 39 градусқа дейінгі дене қызуымен, лимфа түйіні ұлғайған, басы ауырған, интоксикацияға, әлсіздікке ұшыраған, төменгі арқа бұлшық еті ауырсынған, сондай-ақ іш ауруына шағымданған жолаушы келді. Қолдарында қызыл дақ, жара, қызу мен ісіну бар.

Медибике жедел жәрдем қызметіне (103) науқастың симптомын қысқаша баяндады. «Алматы-1» вокзалының кезекшісі аса

қауіпті инфекцияға болжамды диагнозы бар медициналық пункттегі науқас жолаушы жөнінде хабарлауды схема бойынша жеткізді. Медициналық пунктке І типті обаға қарсы костюм киінген эпидемиологиялық топ кірді. Клиникалық мәлімет пен эпидемиологиялық жағдай негізінде алдын ала диагноз қойылды.

Науқас туралы керекті мәлімет жиналды. Күдікті науқасқа «сібір жарасы» диагнозы қойылған соң сырқатты полиция күзетімен жедел жәрдем бригадасы қалалық инфекциялық стационарға жеткізіп, жедел жәрдем қаретасымен қалалық жұқпалы аурулар ауруханасына апарды. Аса қауіпті инфекцияға күдікті науқас болған орындарды залалсыздандыру станциясы қызметкерлері тиянақты түрде залалсыздандырды.

● КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

ЕНДІ СУ, ШАЙ ІШСЕ ДЕ ШАШАЛМАЙДЫ



Тамыз айында Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына Талдықорған өңірінен Елена есімді 4 жасар бүлдіршін келіп түскен болатын. Анасы Юлия Журавлеваның айтуынша, бала туғаннан бері су ішкенде тұншығып қала береді және пневмонияға жиі шалдығады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Біздің мегаполистегі Педиатрия орталығы дәрігерлерімен телемедицина арқылы кеңес жүргізілгеннен кейін бала жедел түрде аталған орталыққа әрі қарай тексеру және емдеу тактикасын шешу үшін жіберілді. Жан-жақты зерттеу нәтижесінде кеңірдек-өңештік жылан-

көз (фистула) диагнозы анықталған.

Кеңірдек-өңештік жыланкөз – кеңірдек пен өңеш түтігінің арасындағы тесіктің бітпесуі салдарынан пайда болатын туа біткен ақау. Туа біткен кеңірдек-өңештік жыланкөз эмбриогенездің 4–6-шы аптасында бастапқы ішек пен тыныс алу түтігінің толық бөлінбегендігінен қалыптасады. Бұл кесел 3000 нәрестенің 1-еуінде кездеседі. Оқшауланған фистулалар өңештің барлық

даму аномалияларының 3-4%-ын құрайды. Қосарланған патологиялардың ауыр түрлерінің бірі – осы кеңірдек-өңештік жыланкөз.

Операция алдындағы дайындықтан кейін мойын медиастенотомия, кеңірдек өңештік фистулан жою отасы жасалды. Ол бір сағаттан аса уақытқа созылған. Отаны Педиатрия орталығының білікті дәрігерлері – Хирургиялық блок басшысы Хаиров Константин Эдуардович, №1 хирургия бөлімінің меңгерушісі Қалабаева Мөлдір Махсұтханқызы, эндоскопист-дәрігер, хирург Шыланбаев Нышанбек Ратбекұлы жасады.

«Бұл педиатрияда ерекше, сирек кездесетін жағдай. Біздің тәжірибеде алғаш рет кездесіп отыр. Әдетте бізде қосарланған өңеш стенозы мен өңеш атрезиясы жиі кездеседі. Оқшауланған кеңірдек-өңештік жыланкөз – бұл қарапайым тілмен айтқанда, трахея мен өңеш арасындағы тесікке байланысты тамақ үнемі өкпеге түседі. Соның салдарынан пневмония және қабыну орын алады. Бірнеше клиникада жүргізілген рентген сәулелері оның бар екенін көрсетпеген. 4 жасқа дейін балада бұл патология анықталмаған. Операция сәтті жасалып, қазір кішкентай пациентіміз үйіне шығуға дайындалуда. Қазір ол су не шай ішкенде бұрынғыдай шашалмайды. Көңіл күйі жақсы. Аман-есен. Тігісі де жазылды», – дейді операция жасаған дәрігері Константин Хаиров.



МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ – 100

Мұзағаң туралы көп айтуға да, аз айтуға да болады. Көп айтуға болатыны, шығармалары өте көп, шығармашылығы ауқымды. Бәрі де оқырманға жеткен, танылған және жүрегінен орын алған. Аз айтуға болатыны, халықтан, әдебиетті сүйер жұртшылықтан өз бағасын әлдеқашан алған. Тарлан талантты дәріптеудің өзі артық. Дегенмен, туғанына 100 жыл толып отырған, алпыс жылдан астам уақыттан бері қолынан қаламы түспеген көрнекті қаламгер туралы жақ ашпау, жылы лебіз білдірмеу әдептілікке де, әділеттілікке де жатпас еді.



ҚАЗАҚ АФОРИЗМІНІҢ АТАСЫ

Мұзағаң шығармашылығына жетпіс жылдан астам уақыт болды деп отырмыз. Нақтылақ айтсақ, 75 жыл. Дәлел келтірейік. Он алты жасар кезінде жақын досы қатты ауырып, ауруханаға түседі. Дәрігерлер ауыруын анықтаймыз деп жүргенде екі-үш күнді өткізіп алады. Ауыруы асқынған досы қатты киналады. Досының киналғаны мұның да жанына батады. Дәрігерлердің дәріменсіздігіне әрі селкостығына бозбала жігіт: «Ебі жоқ дәрігердің емі де жоқ» деген екен. Бұл – Мұзағаңның алғашқы афоризмі еді. Сол калпы дос-жарандарының есінде сақталыпты. Содан былай қарай өлең жазу, реті келгенде, ұрымтал тұстарда ұтқыр сөздерді айтып салуды дағдыға айналдырған.

Мұзафар Әлімбаев балалар мен бүлдіршіндерге арналған «Балдырған» журналының алғашқы редакторы болды. Жарты ғасырдан астам уақыт сол басылымды басқарып, балалардың сүйікті журналына айналдырды. Ересектердің өзі бұл журналды сүйсініп оқыды. Журнал несімен сүйікті болды? «Балдырған» балдырғандардың көңілін қалай тапты? Меніңше, ең талғампаз оқырман – балалар. Олардың ойынан шығу, көңілін бұру тіпті де оңай шаруа емес. Көптеген жазушылардың балалар тақырыбына жазба бермейтіні де сондықтан болса керек. Жеткіншектерді иландыру, белгілі бір мақсатқа көзін жеткізу қиынның қиыны. Керісінше, балалардың бір қаламгерге көңілі ауса, шығармаларын іздеп жүріп оқитындары тағы бар. Есейгенде де сол жазушының немесе ақынның жазғандарын назардан тыс қалдырмайды. «Балдырған» мыңдаған бүлдіршіннің қанатын қатайтты, талантын шыңдады. Сүрлеуі де, соқпағы да мол қиын өнер, бірақ өміршең өнер – қаламгерлікке баулыды.

Мұзағаңның кезінде «Балдырған» журналында өлең жазуға баулудың жаңа тәсілі қалыптасқан болатын. Ол былай еді:

«Хлеб – нан,
Зверь – аң».
«Ночь – түн,
Солнце – күн».
«Девочка – қыз,
Соль – тұз»...

Осылайша жалғасып кете беретін. Журналдың әр санында үзілмей беріліп тұратын. Бұл әрі орысша тіл жаттықтыруға, әрі өлең құрастыруға өте-мөте қолайлы тәсіл еді. Біз осы журналды оқып, осы тәсілден үйреніп өстік.

Мұзағаңның бойындағы көп керемет қасиеттерінің бірі – ізденгіштігі. Бұған қоса барынша еңбеккор. Жасы ұлғайғандығына қарамастан, қолынан қаламы бір сәт түскен емес. Өнімді жазады әрі сенімді жазады. Осыдан қырық жыл бұрын өлең өлкесіне қанат қаққанда Мұзағаңа еліктеп бастап едік. Талайлар-ақ сөйткен. Балалар ақыны болып қалмады. Мақал-мәтел жазумен, өзге елдердің мақал-мәтелдерін аударумен шектелмеді. Ересектерге де арнап жазатын болды. Қарттарға арналған қаншама кітаптары бар.

Жасыратыны жоқ, атасақалы аузына түскенімен, бата беруді білмейтін қариялар аз емес. Иегінде сақалы болғанымен, аузында мақалы жоқ көкелеріміз де жетіп жатыр. Мұзағаңның «Маржан сөз», «Нақылдар кітабы», «Батаменен ел көгерер» деген кітаптарын оқысын солар. Ол көптеген басылымдардың, соның ішінде біздің «Алматы ақшамының» тұрақты авторы әрі жанашыры болды. Авторы дейтінім, ай сайын газеттің бір бетін алып маржан сөздері – жаңа афоризмдері, мақал-мәтелдері шығып тұрды.

Оқырман оны іздеп жүріп оқиды. Бізге телефон шалып, газеттің сол санын сұрайтындар да бар. Ал жанашыры дегенге келетін болсам, аптасына бірер мәрте телефон шалып, газетте жарияланған қайсыбір материалдар төңірегінде пікірін айтып отыратындығы. Өзінің көңілінен шыққан, жанын толғандырып, мақалаларды да, кей тұстары кемшін түсіп жатқандарды да тілге тиек етіп, пікірін бүкпесіз білдіреді. Бағыт-бағдар береді. Аталық кеңесін аяп қалған емес. Пікір білдіру, ақыл-кеңес айту кім-кім үшін де оңай шаруа емес. Ол үшін біраз еңбектену қажет. Газеттің әр санын жібермей байыппен оқып шығу керек. Баспасөзге жаны ашыған адам ғана осылай жасайды.

Мұзафар Әлімбаев қарымды жазушы, алғыр ойлы ақын ғана емес, қазақ тілінің жанашыры, әрі қорғаушысы да. Баспасөзде жарияланып кеткен кейбір шикі, иі қанбаған сөздер үшін шыр-пыр болып, авторына телефон шалып немесе баспасөзге хабарласып, әйтеуір әбігерге түсіп жүреді. Мұның өзі Мұзағаңның ана тіліне деген адалдығы болса керек.

Соңғы уақытта маржан сөздерді жинаумен бірге оларды өзі жазумен де айналысып жүрді. Бұрын әр елдің маржан сөздерін жинастырып, оларды қазақ тіліне аударып, бірнеше қайтара кітап етіп те шығарды. Аударды дегеннен шығады, Мұзағаңның аудармашылығы өз алдына бір сала. Шебер аудармашылығы сонша, кейбір мақал-мәтелдер біздің тілімізге кірігіп, бірігіп кеткен. Қазақтың өз мақалы сияқты. Айталық, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көктемнің бір күні – жылға азық», «Үйлену оңай, үй болу қиын», т.б. Осы мақалдарды қазақтың тәсілі емес деп кім айта алады. Мұндай жатық етіп аудару, қазақтың жүрекке жақын сөздерін қолдану шебердің шеберінің ғана қолынан келсе керек. Мұзағаңның абыройын асқақтатып тұрған саланың бірі осы аудармашылығы. Шетелдерде болғанында немесе өзге елдің жазушылары Қазақстанға келгенде көбісінің іздейтіні Мұзафар Әлімбаев екен. Мұның сыры да сол Мұзағаңның аудармашылық қабілетінің күдіреттілігінде. Кім болса да өз тілін қастерлеген азаматты сыйлайтыны белгілі ғой.

Қазір Мұзағаңның көркем сөздері, ұрымтал тұстардағы айтылған ұтымды ойлары елдің аузында жүр. «Мұзағаң айтыпты» деген сөздер өте көп. Өрине, «ұйқасқанның бәрі өлең емес» дегендей, жылыр сөздердің барлығы маржан емес, олардың арасында арзаны да көп. Мұзағаң арзан сөзге бармайды. Сөздерді қолданғанда оның ішкі мағынасы мен мән-мазмұнына, үйлесімділігіне, сонымен қатар, сыртқы көркемдігіне көп көңіл бөледі. Бір-екі сөзін келтіре кетейік.

*Құран-кәрім – жарық нұр,
Қасиетін танып біл.*

*Дулей
Үрейден көз ашпас.*

*Жамандықты байқа да,
Жақсылықты қайтала.*

*Күннің райы –
Егіннің шырайы.*

*Ақындықта –
Даналық та бар,
Дуаналық та бар.*

Мықтының мұңы да – мылқау.

*Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға
ұстаз болу – ұлылық.*

Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды.

Түйірдей болса да, түйінді ойың болсын.

Ұлтын білгің келсе, жұрпын біл.

Өнші-күйшілердің, ақын-жыраулардың думан құрған өнер төрінде, солардың тәтті сазын, татымды сөзін қаршадайынан құлағына құйып өскен. Мұзағаң 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастаған. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, «Бауырсақтан» бастап, «Батырлар жырын» ортаға ала, Александр Сергеевич Пушкиннің 4 томдығын тауысады.

Өкеден 8 жаста, шешеден 13 жасында айырылып, жетімектің кім екенін, жетімдіктің зіл мен мұң екенін анық та толық сезінді. 1932-1933 жылғы алапат аштықты көлденең көзбен көріп, өз басынан өткерді. 1937 жылдың сталиндік сойқанында халықтың зиялы ұл-қыздарын зорлық-зомбылықпен оққа байланғанын өз көзімен көрген ұрпақтың өкілі.

Соғыс басталғанда он сегізге толар-толмаста болған Мұзафар Әлімбаевтың педучилищенің енді бітірген кезі еді. 1941 жылдың желтоқсанында өз еркімен соғысқа шақырылып, саяси жауынгерлер бригадасының 120 мм миномет дивизионына барды. Үш жарым айдай қатардағы жауынгер, сосын саяси жұмыстар жөніндегі жетекшінің орынбасары болды. Калинин майданында Ржевтің түбінде 1942 жылдың қарашасынан артиллерист, лейтенант Мұзафар ұрысқа кірісті...

Мұзафар Әлімбаевтың мәтін жазудағы шеберлігі өз алдына бір шежіре. Осы кезге дейін айтылып жүрген және айтыла да беретін «Ақ маңдайлым», «Ақсұңқарым», «Маралдым», тағы да басқа халық сүйіп тыңдайтын әндердің мәтіндерін де жазған Мұзағаң.

Мұзағаң жайында шағын мақала былай тұрсын, кітап жазса да артықтық етпейтіні белгілі. Тіпті, бірнеше томға татитын еңбегі де бар. Біздікі қарымды да қарулы қаламгердің мерейтойында мысқалдай болса да өзіміздің жылы лебізімізді, ыстық ықыласымызды білдірсек деген ой ғана. Қазақ әдебиетінің бір саласы – балалар әдебиеті мен қазақ сөзінің мәйегі мақал-мәтел жазудың машығы Мұзафар Әлімбаевтың маржан сөздің маршалы десек те болғандай. Аталы сөздің ауырын әрі тәуірін қара нардай қайыспай көтеріскен әдебиет абызы мен алыбының артында қалған маржан сөздері мен афоризмдерін әлі күнге іздеушілер қатары сиреген емес.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
«М.Шолохов» алтын медалінің иегері,
ақын.

ЕСКЕ АЛУ

«ЖАҢА ЖЫЛ КҮЗДЕН
БАСТАЛУ КЕРЕК...»

Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Есенғали Раушановты еске алуға арналған әдеби кеш өтті



Гүлжанат СЕМБАЕВА

*«...Жерімді ақырет жапқандай,
Елімді қалмақ шапқандай,
Қаныма у құйылып, жанымға
қайғың батқандай,
Қазақтың қара өлеңі жалғзын
жосқтап жатқандай...».*

Бұл жоқтау-өлең жолдарын белгілі ақын Ира-Ғайып Есенғали Раушановтың өмірден өткенін естігенде шығарған.

Қазақ қаламгерлерінің бүгінгі өкілдері уақыт өтсе де, дүниеден өткен ақын-жазушыларды жиі еске алып тұрады. Соның бір айғағы – Есенғали ақынды еске алуға орай өткен игі шара.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жыр кеші ақынның өлеңдерімен басталды. Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілдері, қаламгерлер мен жас ақындар қатысып, ақын туралы естеліктер айтты.

Темірхан МЕДЕТБЕК,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ақын:

ӘДЕБИЕТТІҢ МАНДАЙЫНА
СЫЙМАЙ КЕТТІ

Өлең деген мінезден туады. Күшті өлең, күшті ақын мінезді болады. Мінезден ғана мықты өлеңдер туады. Қазір ақын көп, бірақ ұлттық ақындар өте аз. Есенғали Раушанов – ұлттық ақын. Қоғамдағы келеңсіздіктермен, опасыздықтар мен жамандықпен күресу үшін ақынға мықты өлең жолдары керек. Осындай қайсар өлеңді дүниеге әкелгендердің бірі – Есенғали. Кез келген өлеңі жәй өлең емес. Астары тереңде жатыр. Оның «Ғайша бибі» поэмасы – классикалық дүние. Дастан жанрындағы ең үздік поэмалардың бірі. Әдебиетте мәңгі жасайтын туынды. Сондықтан Есенғали Раушановтың орны ерекше. Ол әдебиетпен бірге жасай береді.

Ғани МАЙЛЫБАЕВ,
Алматы қаласы Мәдениет
басқармасының басшысы:

УАҚЫТТЫҢ ҚАДІРІН БІЛЕТІН ЕДІ

Бүгінгі әдеби кешке жиналған жыр-сүйер қауымға қарап, Есағаңның әдебиет үшін қаншалықты маңызды тұлға екенін байқауға болады. Осыдан бір апта бұрын Науат апай хабарласып, әдеби кеш өтетінін айтқанда, қуандық. Ағаның көзін көрген жастар ұйымдастырған еске алу кешіне куә болып отырмыз. Есенғали аға уақыттың қадірін білетін азамат еді. Осы қызметке келгенімде жол сілтеп, қолдағандардың бірі болды. Тек Алматы мәдениетіне емес, қазақ мәдениетіне жаны ашып тұратын. Осындай әдеби жыр кешін өткізуді дәстүрге айналдыру керек. Алматы әкімшілігі әрдайым қолдауға әзір.

Иран-ҒАЙЫП,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ақын:

МЕН ҮШІН ОЛ – ТІРІ...

Өмірден Есенғали өткелі бері маған өлім түкке тұрмайтын сияқты болып кетті. Мұндай есіл ерлердің артында қалғанда өмірде не мән, не мағына қалды деп ойлаймын. Кешке жиналғандардың көбі шақырусыз, өнерді, әдебиетті сыйлап келіп отыр.

Ол бүкіл әлемнің тілін, тіпті құстардың тілін білетін. Газетке шыққан құстар туралы шығармаларын жақсы білемін. Өкеме Есенғалидың өлеңдерін оқып берсем: «Есағанның өлеңдері сенің өлеңіңнен қуаттырақ» дейтін. Сол сөзді айтқаны үшін әкеме мыңда бір рахмет. Сол айтқаны келді. Кітаптарының бәрі сөйлеп тұрады.



АЗИАДА КҮНДЕЛІГІ

ҮШ БАТЫР – ҮШ АЛТЫН!

Өткен бейсенбі Қазақстан құрамасы үшін осы Азия ойындарындағы ең жеңісті де, жемісті күндердің бірі болды. Бір күнде Нұрқанат, Нұржан және Евгений Көк байрағымызды көкте желбіретіп, Қазақстан Әнұранының Қытайда қайта-қайта шырқалуына себепкер болды.

Таң атысымен Ханчжоуда велошабандоздар тартысқа түсті. Тас жолдағы велоспорттан 207,7 шақырымға созылған топтық сайыста Азия ойындарына бірінші рет қатысқан 23 жастағы спортшымыз Евгений Федоров топ жарды. Жарыс жолының ақтық сатысында Евгениймен қатарласып келе жатқан тағы бір спортшымыз Алексей Луценко інісіне жол беріп, күміс медальға қол жеткізді. Моңғолия өкілі Жамбалцам Саибайяр – 4:31:11 көрсеткішімен үздік үштікті түйіндеді. Айта кеткен жөн, Евгений Федоров 2018 жылы жасөспірімдер арасында Олимпиада чемпионы атанған.

«Бүгін еліміздің велоспорты үшін айтулы күн. Велошабандоздарымыз жоғары деңгей көрсетті. Евгенийді Азиаданың алтын медалімен құттықтаймын», – деп атап өтті ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Шабандоздар шабысынан кейін көпшілік қауымның назары боз кілемге шыққан джитсерлердің жарысына ауысты. Мұнда да біздің жігіттер жарады. Джиуджитсудан 62 келіде Мансұр Хабибулла және 69 келіде Алдияр Серік Азиаданың қола жүлдесін жеңіп алды. Ал 69 келінің шешуші белдесуінде Нұржан Батырбеков шынайы шеберлік көрсетті. Ол 2 дүркін Азия чемпионы



Мохамед Алсувайдиден жеңіліп жатып, соңғы секундтарда батыл әдіс-тәсілдері арқылы жеңісті жұлып алды. Бұл – Қазақстан қоржынына салынған жетінші алтын болды.

Бұл сүйіншілерге сүйсінген қазақ еліне көп ұзамай Ханчжоудан тағы бір хабар келді. Жарыс жолында Непал, Қырғызстан және Малайзия қаратәшілерін жайратқан Нұрқанат Әжіқанов, финал-

дық кездесуде де дес бермей, Иорданиядан келген қарсыласын жеңе білді. Ол қаратәден 75 келі салмақта Азия чемпионы атанды. Бұл жеңіс ел қоржынын сегінші алтынмен толықтырды. Сондай-ақ, 68 келіге дейінгі салмақта қаратәден бақ сынаған Лаура Әліқұл күміс жүлде қанжығалады.

Қазақстан жанкүйерлері қашан да көз тігетін шахмат ойындары да бұл күні қызу болды. Шахматтан Қазақстанның әйелдер құрамасы Үндістан құрамасымен 2:2 есебімен тең түсті. 7 тур нәтижесі бойынша Қытай 13 ұпаймен көш бастап тұр. 11 ұпай иемденген Үндістан екінші келеді. Ал қазақ қыздары 9 ұпаймен үшінші тұр. Команда құрамында Жансая Әбдімәлік, Бибисара Асаубаева, Динара Садуақасова, Меруерт Камалиденова бар.

Айта кеткен жөн, командалық сайыс бүгін өз мәресіне жетеді. Шахматшы қыздарымыз бен барлық спортшыларымызға алдағы сайыстарда сәттілік тілейміз!

ФУТБОЛ

Ташкентте ФИФА-ның қолдауымен түркітілдес елдер – Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Түркия, Мажарстан және Әзербайжан футбол қауымдастықтарының ресми өкілдері арасында кездесу өтті. Басқосуға УЕФА мен АФК өкілдері де қатысты.

ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДЕГІ
ФУТБОЛДЫ ДАМУ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Сурет ҚФФ ресми сайтынан алынды)

Ашық және сындарлы жиында түркітілдес елдерде футболды дамыту және кеңінен насихаттау, ұлттық құрамалар мен клубтар арасында халықаралық жарыстарды ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, футбол мамандарын, жаттықтырушыларды, төрешілерді даярлау және өзара тәжірибе алмасу, елдердің футбол қауымдастықтары арасында жан-жақты ынтымақтастық орнату мәселелері де сөз болды.

БАЙҚАУ

Түрік мемлекеттік және саяси қайраткері, Түркия Республикасының тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрікке орнатылатын ескерткіштің ең үздік жобасына ашық байқаудың БАҒДАРЛАМАСЫ және ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаты

Түрік мемлекеттік және саяси қайраткері, Түркия Республикасының тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткішінің монументалды-көркемдік тұрғысына ең жақсысын анықтау мақсатында – Қазақстан Республикасында өнер құрылыстарын орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына ұсынып, шешім шығару.

2. Байқау бағдарламасы

Көрнекті саяси қайраткерге арналған ескерткіштің көркемдік бейнесі оның ғажайып күш-қуатын, дарынды тұлғаның жан-жақтылығы мен парасаттылығын, оның ерекше адами қасиеттерін көрсетуі керек.

Объектіні жобалау кезінде ескерткіштің

көркемдік бейнесіне қайшы келмейтін мықты, эстетикалық материалдар қолданылуы керек.

Орналатын орны – Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылынан жоғары, Наурызбай даңғылының батысы.

Ескерткіштің қолданыстағы сәулет және қала құрылысына үйлесімді түрде сәйкес келуі керек.

3. Байқау шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2023 жылғы 9 қазаннан бастап 2023 жылғы 16 қазан аралығында. 2023 жылғы 16 қазаннан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050001, Алматы қаласы, Республика алаңы, Алматы қаласы Мәдениет

КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫ

ӨЗ АЛАҢЫНДА ҰТЫЛДЫ

Елордалық «Астана» футбол клубы өз алаңында чехиялық «Виктория» Пльзень клубынан жеңіліс тапты.

Биыл іріктеуден өтіп, Еуро маусымда өнер көрсетуге мүмкіндік алған жалғыз қазақстандық клуб «Астана» болды. Өз жолын Чемпиондар Лигасының бірінші іріктеу кезеңінен бастаған елордалық команда, бірнеше жеңілістен соң, Еуропаның ең мықты екі жарысын артта қалдырып, дәрежесі бойынша үшінші тұрған Конференция лигасының қатысушысына айналды. Жеребе нәтижесі бойынша «Астана» хорватиялық «Динамо Загреб», чехиялық «Виктория» Пльзень және Косовоның «Балкани» командаларымен бір топқа түсті.

Айтылған турнир аясындағы алғашқы ойын еуропалық жарыстарда өте тәжірибелі «Динамо Загребтің» алаңында өткендіктен, «Астана» ойыншыларының чехиялық клубтан 5:1 жеңілуіне отандық жанкүйерлер түсіністікпен қараған. Алайда, топтық кезеңдегі екінші кездесу қазақ жерінде өтетін болғандықтан, бұл ойынға артылған үміт үлкен болды. Сондай-ақ, Астана қаласына қонаққа келе жатқан чехиялық «Виктория» Пльзеннің іріктеуі кезеңінде «Тобылды» жарыс



(Сурет «Астана» ФК сайтынан алынды)

жолынан шығарғаны қазақ футбол сүйер қауымының көкейінде тұрды. Айқайлап айтылмаса да, іштей кеткен есені қайтару жайлы ой болғаны анық.

Дегенмен, «Астана арена» чехиялық команданың ойыншыларын қорқыта да, үркіте де алмады. Алаң қожайындарына жанкүйерлердің жалынды қолдауы жоғары болғанымен, «Виктория» Пльзень ойыншылары сары жейде киген қарсыластарынан басым түсті. Ойында Марин Томасов (51 минут) елордалықтарды алға шығарғанымен, чехиялықтар 3 минутта камбэк жасап, 2:1 есебімен

жеңіске жетті. Қарсылас қатарында Томаш Хоры (54 минут) мен Лукаш Калвах (57 минут) гол соқты.

Енді «Астана» ойыншылары 26 қазан күні Косового аттанып, «Балкани» командасына қарсы бақ сынайды. Алғашқы екі ойын сәтсіз болғанымен Еуро маусымдағы жалғыз қазақстандық команда плей-офф кезеңіне шығу мүмкіндігін жоғалтқан жоқ. Алдағы ойындарда жігіттеріміз жарқын жеңістерге жетеді деп сенеміз!

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**

басқармасы, №325 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурсқа ұсынылған жобаның барлық материалдарының жоғарғы он жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см) жазылады. Ұранмен жабылған конвертте жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген акпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. «Times New Roman» қарпі, өлшемі №14, бір жолаарлық интервалмен. Жазбада мүсіннің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңістікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ес-

керткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурсқа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың құрамы:

1. Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
2. Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
3. Мүсіннің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
4. Түсіндірме жазба.

Жобалар өлшемі 60x80 см планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.

Қосымша акпарат пен анықтаманы 8 708 768 48 58 телефоны бойынша алуға болады.



ШЕШІМ

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2023 жылғы 4 қазанындағы №02 шешімі.

2023 жылдың 5 қазанында Алматы қаласының Әділет департаментінде №1739 болып тіркелді

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШІМ:

1. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1546 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасында:

1) № 326 сайлау учаскесінің шекаралары және №340, 344, 345, 497 сайлау учаскелерінің орталығы осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.

2) №325 сайлау учаскесі алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Г.КӨКЕБАЕВА

«КЕ.ПІСІЛДІ»
Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы

А.ҚАЛЫҚОВА

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне қосымша

№326 сайлау учаскесі (орталығы: «№87 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, «Кокмайс» шағынауданы, №43 А үй).

Шекаралары: Солтүстік айналым шоссесінің оңтүстік жағымен, Бөкейханов көшесінен бастап, Есентай өзенінің арнасына дейін; ары қарай Есентай өзенінің арнасының батыс жағымен Ангарская көшесіне дейін; Ангарская көшесінің батыс жағымен Серіков көшесіне дейін; Серіков көшесінің солтүстік жағымен Бөкейханов көшесіне дейін; Бөкейханов көшесінің шығыс жағымен Солтүстік айналым шоссесіне дейін.

№340 сайлау учаскесі (орталығы: «№102 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Потанин көшесі, №226 үй).

Шекаралары: Баянауыл түйік көшесінен солтүстікке қарай Қыдырбекұлы көшесінің шығыс жағымен Баянауыл көшесіне дейін; Баянауыл көшесінің солтүстік жағымен Шемкин көшесіне дейін; Шемкин көшесінің шығыс жағымен Семіренский көшесіне дейін; Семіренский көшесінің оңтүстік жағымен Гурьевская көшесіне дейін; Гурьевская көшесінің шығыс жағымен Айтыков көшесіне дейін; Айтыков көшесінің шығыс жағымен Рыскулов даңғылына дейін; Рыскулов даңғылының оңтүстік жағымен Кіші Алматы өзеніне дейін; Кіші Алматы өзенінің батыс жағалауымен Станиславский көшесіне дейін; Станиславский көшесінің батыс жағымен Омский көшесіне дейін; Омский көшесінің шығыс жағымен Баянауыл көшесіне дейін; Баянауыл көшесімен Қыдырбекұлы көшесіне дейін.

№344 сайлау учаскесі (орталығы: «№80 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жайсаң көшесі, №22 үй).

Шекаралары: Бурундайский көшесінен Солтүстік айналым шоссесінің бойымен шығысқа қарай Есентай өзенінің қиылысына дейін; Есентай өзенінің бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Дыбенко көшесіне дейін; Дыбенко көшесімен шығысқа қарай Ақсуат көшесіне дейін (оңтүстік жағы); Ақсуат көшесімен оңтүстікке қарай Бурундайский көшесіне дейін; Бурундайский көшесімен (батыс жағымен) оңтүстік-батысқа қарай Солтүстік айналым шоссесіне дейін.

№345 сайлау учаскесі (орталығы: «№80 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жайсаң көшесі, №22 үй).

Шекаралары: Есентай өзенімен Бурундайский көшесімен батысқа қарай қаланың шекарасына дейін; қаланың шекарасымен солтүстікке қарай Талант көшесіне дейін; Талант көшесімен (екі жағы) «Кокжелек» шағынауданының шекарасымен шығысқа қарай Есентай өзеніне дейін; Есентай өзенімен оңтүстікке қарай Солтүстік айналым шоссесіне дейін; Солтүстік айналым шоссесімен Бурундайский көшесіне дейін, Есентай өзені қиылысымен.

№497 сайлау учаскесі (орталығы: Мәдениет үйі, Алматы қаласы «Кемел» шағынауданы, Есім хан көшесі, №127 үй).

Шекаралары: «Кемел» шағынауданы шекарасы: Мұхамеджан Сералин көшесінің №1-ден №23-ке дейінгі үйлер, Национальный көшесінің №1-ден №57-ге дейінгі үйлер, Жанбота көшесінің №1-ден №24-ке дейінгі үйлер, Жидебай көшесінің №1-ден №79, №79А-ға дейінгі үйлер, Жолымбет көшесінің №1-ден №51, №51А-ға дейінгі үйлер, Дәурен Құдабайұлы көшесінің №1-ден №164-ке дейінгі үйлер, Кеңсұт көшесінің №1-ден №70-ке дейінгі үйлер, Жар-жар көшесінің №1-ден №75-ке дейінгі үйлер, Дауылпаз көшесінің №1-ден №26-ға дейінгі үйлер, Көкшопал көшесінің №1-ден №34-ке дейінгі үйлер, Қартқожа көшесінің №1-ден №21-ге дейінгі үйлер, Қойғартөбе көшесінің №1-ден №8, №8А-ға дейінгі үйлер, Бидайық көшесінің №1-ден №19-ға дейінгі үйлер, тұйық көшелер: Ақбөбек көшесінің №1-ден №17-ге дейінгі үйлер, Насихат көшесінің №1-ден №14-ке дейінгі үйлер.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетімен мемлекеттік қызметтің 4 түрі көрсетіледі:

- «Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
 - «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
 - «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
 - «Тұлғамен сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».
- «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған www.eGov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Азаматтар үшін үкімет» Мемлекеттік корпорация» ҰАҚ-на бармай-ақ, бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы алуға болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Құжаттарды қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру портал арқылы, шетелге шығу үшін қағаз нысанда анықтама алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы беру арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» веб-порталы www.eGov.kz арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру: «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.eGov.kz арқылы азаматтарға/жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту/жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде жүзеге асырылады. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Апостиль қоядан басқа барлық қызметтер тегін болып табылады, оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

М.ЕРЖАНОВ,
ҚСЖАЕАЖК Алматы қаласы бойынша
Департаменті бастығының орынбасары.

КӨҢІЛ АЙТУ

Тұрсынхан Әбдікерімқызы ЖЕТПІСОВА



Өмірден жақсы адам өтті... Көңілім әлі орнында емес. Егіліп жыладым. Себебі, жақсы адамды, өзіме аяулы боп кеткен Тұрсынхан Әбдікерімқызын о дүниеге қимадым. Небәрі 68 жасында көз жұмды. Тұрсынхан Жетпісованы мен секілді көп адамның қимағанына сенемін. Өйткені, оның мейір-шапағатын көрген адам өте көп болатын.

Уақытпен ұштаса білген дәрігер заманауи технологияны да еркін меңгеріп, өз саласының ұшар биігіне көтеріле білді. 1993–2006 ж.ж. Алматы қаласының орталық №12 қалалық клиникалық ауруханасында анестезиолог-реаниматолог, дәрігер-ординатор, ал 1994 жылдан бастап сол реанимация-анестезиология бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен. Жұмыс барысында осы сала бойынша көптеген жоғары дәрежелі анестезиолог-реаниматолог мамандарын тәрбиелеп, олардың жетіліп шығуына көп еңбегін сіңірді.

Алтындай жарқыраған ұлы Мақсатқа, ағайын-туысына көңіл айтатын. Аяулы құрбымның жарқын бейнесі жүрегімде мәңгі сақталады. Алла оны рахымына алып, жанын жәннаттық еткей деп дұға етемін.

Раиса ҰМБЕТБАЕВА,
құрбы-замандасы.

«Almaty Business Development Company» Almaty qalasynynъ biznesti damytu kompaniasy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120440007263, жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Байзақов к-сі, 303, 2-қабат.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына What-sApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет. Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 6433,44 теңге.

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 4033,44 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдан іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
tel: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘКІМ

ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘРІ МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

Алматы қаласының білім саласы қызметкерлері өздерінің төл мерекелерін Almaty Theatre-да атап өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

(Басы 4-бетте)

Сонымен қатар, аталмыш байқауға қатысқан №105 мектеп-гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі Бақтияр Розиев, №94 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Диана Круковская, №134 мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі Жанна Хегай жасампаздығы және шығармашылығы үшін қала әкімінің арнайы сыйлығына ие болды. Салтанатты жиында қаламыздағы ең алдыңғы білім мекемелерінің бірі – Нәйла Мәлікова басшылық етіп отырған №39 мамандандырылған лицей ұжымының мерейін тасытты.

Биылғы «Үздік білім беру ұйымы» байқауының жеңімпазы атанған Алмалы ауданындағы С.А.Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицей ұжымы ең жоғары балл (1671,43) алды.

Жеңімпазға білім беру ұйымын материалдық-техникалық жаратқандыруды жақсарту және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету үшін Алматы қаласы әкімінің 56 млн теңге көлеміндегі гранты берілді.

Қалалық әкімшіліктің қолдауымен биыл тағы да «Алматы мектебі» бағдарламасы бойынша Швейцария мен Ұлыбританияның үздік оқу орындарында 50 мектептің басшысы халықаралық академиялық тағылымдамадан өтеді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нәйла МӘЛІКОВА,
Алмалы ауданы №39 мамандандырылған
лицей директоры, «Үздік білім беру ұйымы»
байқауының жеңімпазы:

– Біздің ұжым Алматы қаласының ең үздік білім беру мекемесі байқауының жеңімпазы атанып отыр. Бұл байқаудың мектептерге беретін пайдасы зор. Байқауды ұйымдастырып отырған Алматы қаласының әкімі мен қалалық Білім басқармасына алғысымыз шексіз. Осы конкурстың аудандық кезеңінен өтіп, қалаға жолдама алдық. Байқау шартына сай бүкіл мектептің, оқушының жетістігі сараланып, ең бастысы мектепте оқушыға жасалып отырған жағдай сынға түсті. Бұл жетістікке біз ұжымның бірлігінің арқасында қол жеткіздік.

Салтанат АНАПИЯЕВА,
Медеу ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы
№159 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі:

– «Almaty Ustazy» байқауы жас креативті мұғалімдерге үлкен мүмкіндік. Себебі, байқаудың әр турындағы критерийлерінің өзі мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыруға және жан-жақты еңбек етуіне ынталандырады. Мәселен, бірінші тур бойынша мультимедиялық мақала жазу тапсырылған болатын. Оның критерийлері, идеялары, біздің философиямыз және оны жүзеге асыру жолдарымен қатар, идея әлемдік білім беру трендтерінің өзектілігі және біздің сайттармен жұмыс жасай білуіміз, оның дизайны, т.б. Сонда біз бір ғана турдың өзінде өзіміздің жан-жақтылығымызды көрсете алдық. Ал байқаудың екінші турында біз әртүрлі мектептерге барып, мүлдем танымайтын оқушыларға сабақ бердік. Мұнда біздің коммуникативтік қабілеттеріміз айқын көрінді.

Сонымен қатар, білімге деген құштарлығымыз, оқу барысында өзімізге қызықтыра алатындығымыз, цифрлық технологияларды қаншалықты меңгергенімізді көрсеттік. Ал байқаудың үшінші турында жас мұғалімдер өздерінің идеяларын ұсынды. Мәселен, мен мобильді қосымша арқылы Қазақстанда мүлдем қолданылмаған жаңа әдіс-тәсілдер арқылы голограммалардың жиынтығын, 3D көзәйнегімен көруге арналған бейнематериалдар пайдаландым. Қазіргі кезде балалардың оқуға қызығушылығы баяу екені белгілі. Соның шешімін табу мақсатында қызушылықты оятатын, түсінік айту әдіс-тәсілін қолданып, жаңа оқу әдісін ойлап таптым.

Осынау білім бәйгесін ұйымдастырып отырған Алматы қаласының әкіміне, байқауды ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Жеңіп алған қаржыны өзіміздің тәжірибемді дамытуға жұмсаймын. Сәтін салса, Сингапурге барып тағылымдамадан өтіп қайтқалы отырмын. Ол жаққа өз еліміздің ұлттық құндылығын танытып, озық үлгісін меңгерсем деймін...